

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

ВНИМАНИЕ

БЕТПЕРДЕ
ТАҒЫҢЫЗ
НОСИТЕ
MASKU



STOP
COVID



АРАҚАШЫҚТЫҚ
САҚТАҢЫЗ
СОХРАНИТЕ
ДИСТАНЦИЮ

КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН
САҚТАҢЫЗДАР
СОБЛЮДАЙТЕ
КАРАНТИННЫЕ МЕРЫ




БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ



«ӘРБІР БАСТАМА,
ӘРБІР ДАУЫС
МАҢЫЗДЫ»

9

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



ШІЛДЕДЕ КҮН
НЕГЕ КҮРТ
САЛҚЫНДАДЫ?

12

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстанда
2022 жылғы 15 шілдедегі
мәлімет бойынша

I компонентпен

9 536 079

II компонентпен

9 318 769

адам вакцина алды

4 894 175

ревакциналанды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.07.2022

Түнде:



+15+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+35 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
1-3 м/с

17.07.2022

Түнде:



16+20 °C

Жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+35 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
1-3 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

www.almaty-akshamy.kz

№81 (6216) 16 шілде, сенбі, 2022 жыл.

АҚОРДА

ҮКІМЕТ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУЫ ТИІС

Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы бейнебайланыс режимінде өтті. Іс-шараға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Үкімет мүшелері, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

2, 3, 4, 5

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КЕШКІ МАРАФОН

17 шілдеде мегаполисте бұқаралық жүтіру жарысы өтеді



Жарысқа қатысушылар 12 км, 8 км скандинавиялық жүріс қашықтықтарында, сонымен қатар 500 метр, 1 және 3 км балалар қашықтықтарында (6 жастан бастап) жарысады. Жазғы марафон Almaty Arena мұз сарайының аумағында өтеді.

ҚЫСҚА...

- ҚР Президенті Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді.
- Қазақстан мен Өзбекстанды байланыстыратын шекара бекеттері ашылды.
- Мемлекет басшысы Ішкі істер министрі Марат Ахметжановты қабылдады.
- Қазақстанның Беларусьтегі мәдениет күндері өтеді.
- Еліміздегі барлық перзентханалар күрделі жөндеуден өтеді.
- «Artsport» платформасында ұрлық фактілері анықталды.
- «Самұрық-Қазына» қорының миссиясы қайта қаралады.
- «Қазфосфат» басшылығына қатысты сотқа дейінгі тергеу басталды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

12

АҚОРДА

ҮКІМЕТ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН

Мемлекет басшысының төрағалығымен

Басы 1-бетте

Инфляция үдеп барады

«Егемен Қазақстан» газетінің сайтында жарияланғандай, Мемлекет басшысы еліміздің күрделі геосаяси сын-қатерлерге қарамастан, бірқалыпты дамып келе жатқанын атап өтті. Биылғы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша экономика 3,4 пайызға, ал нақты сектор 4,1 пайызға өскен. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібі саласында айтарлықтай ілгерілеу бар.

«Дегенмен, инфляция да бір орында тұрған жоқ, – деді Қ.Тоқаев өзінің сөзінде. – Қазір бұл көрсеткіш 14,5 пайызға жетіп, 2015 жылғы деңгейден асып түсті. Бірінші жартыжылдықта экономикамыз қалпына келді. Бірақ халықаралық институттар Қазақстанның ішкі жалпы өнімі биыл 2 пайызға ғана өседі деп болжап отыр. Бұған дейін олар өсім 3,7 пайыз болатынын айтқан еді. Сондықтан Үкімет ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Ең бастысы, азаматтардың нақты табысын арттыру қажет.

Жалпы, еліміздің экономикасы сын-қатерлерге төтеп беріп жатыр деуге болады. Қазір халықаралық институттар әлемдік экономика қарқыны бәсеңдейді деген болжам айтуда. Соған сәйкес инфляция жаппай өсуі мүмкін. Өңірлік дағдарыстың ұзаққа созылып бара жатқанын байқап отырмыз. Тіпті, бұл ахуал жаһандық тоқырауға ұшыратады деген қауіп бар. Осындай жағдайда Үкіметтің және Ұлттық Банктің негізгі міндеті – инфляцияны тұрақтандырып, азаматтардың табысын арттыру болуға тиіс. Сондай-ақ, жаңа жұмыс орындарын ашу қажет.

Енді нақты міндеттерге тоқталайын. Бірінші – инфляцияны тұрақтандыру. Қазір инфляцияның шарықтап кетуі ең күрделі мәселе болып отыр. Бағаның өсуіне азық-түлік инфляциясы әсер етті. Оның деңгейі 19,2 пайызға жетті. Жалпы, азық-түлік бірден 80 пайызға қымбаттады. Үкіметтің бағаны тұрақтандыруға бағытталған шаралары тиімсіз болып шықты. Үкімет инфляцияны ескі әдіс-тәсілмен тоқтатқысы келеді. Оның өзінде бюджеттен қосымша қаражат бөліп, бағаны жасанды түрде ғана реттеп отыр. Яғни қымбатшылықтың себебімен емес, салдарымен күрес жүріп жатыр. Ал шын мәнінде, керісінше болуы керек».

Осы орайда Мемлекет басшысы Үкіметтің бар жауапкершілікті өңірлерге артып қойғанын атап өтті. Яғни әкімшілік ресурсты пайдаланып, дүкендерді аралауға көшкен. Бағаның өсуімен күрестің басқа тәсілдерін қарастыру, жаңа идея енгізу жоқ екеніне тоқталды.

«Мұндай жұмыс ешқашан тиімді болған емес. Бір сөзбен айтқанда, нарық заңдылығына сай келетін жаңа ұстаным жоқ. Екі жылдан астам уақыт бұрын көтерме сауда орталығы желісі бар Ұлттық тауар тарату жүйесін іске қосу туралы тапсырма берген едім. Үкімет оның орындалуын ұзаққа созып жіберді. Жоспарлар мен мәлімдемелер қағаз жүзінде қалды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі схемасы бойынша ірі кәсіпкерлермен бірге көтерме сауда орталықтарын салу жобалары іске асырылмады. Үкіметке осы салада атқарылған жұмысты қазан айында баяндауды тапсырамын. Мүдделі инвесторларды тартыңыздар.

Келесі, қазіргі таңда өнімді экспорттауға тыйым салу туралы шешім тауар теңгерімін есепке алмай қабылданады. Бұл не тапшылыққа, не қажетті тауарлар өндірісінің тартымдылығының төмендеуіне әкеледі. Осының салдарынан мұндай шаралардың тиімділігі күрт азаяды. Үкімет Негізгі тауарлар теңгерімін қалыптастыру ережесін бекітуге тиіс. Ең бастысы, мониторингтің бірыңғай ақпараттық жүйесін әзірлеуі керек. Бұл шешім қабылдау барысында өнім теңгерімі жөнінде сенімді деректерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Тұрақтандыру қорлары қызметінің тиімділігі төмен. Олардың нарыққа әсері аз. Кейде олар теріс пиғылды адамдардың қалтасын қампайтады. Мұның шешімін табу керек. Бюджетті ұрлау фактілері жиі анықталады. Әкімдер мемлекет қаржысының жұмсалыуына бақылауды жоғалтқан. Үкімет «айналым схемасының» көлемін 100 миллиард теңгеге дейін арттыруды ұсынып отыр. Сұрағым бар: күтілетін әсер есептелді ме? Сауда желілеріне емес, тікелей өндірушілерге несие беру қисындырақ болар еді. Қазір Үкіметтен әрекет күтпеймін. Тиімділік тұрғысынан түпкілікті шешім туралы ойлану керек», – деді Мемлекет басшысы.

Сауда саласына тәртіп керек

Президент өз тапсырмасы бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі алдын ала сатып алу тәсілдерін кеңірек қолдана бастағанын атап өтті. Биылғы шілдеге дейін әлеуметтік маңызы бар 47 мың тонна азық-түлікке қатысты осындай шарттар жасалды. Қ.Тоқаевтың сөзіне сүйенсек, мұндай көлемдегі тауар ішкі нарыққа айтарлықтай ықпал етпейтіні анық.

«Өнімді ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден алдын ала тікелей сатып алу жолдарын айқындау қажет, – деп жалғады сөзін Президент. – Мұнымен құзырлы министрліктер айналысуға тиіс. Ауыл шаруашылығы министрлігі осы тәсілді жетілдіру үшін тиісті қауымдастықтарды және нарық субъектілерін жұмылдыруға тиіс.

Тағы бір өзекті мәселе – өнімді сату. Өкінішке қарай, еліміздегі өнімнің бәрі бірдей дүкен сөресінен табыла бермейді. Импортпен қатар, ішкі кедергілер де бар. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мәселелері де аз емес. Олар тауардың үздіксіз жеткізілуін, өнім сапасының тұрақты болуын қамтамасыз ете алмайды. Басқа да талаптар бар. Әрине, мұның бәрін біртіндеп ретке келтірген жөн. Сондықтан фермерлерге қолдау көрсету тәсілдерін бірлесе әзірлеуді тапсырамын. Керек болса, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасын осы жұмысқа тарту керек. Шаруа қожалықтарына ірі сауда желілерімен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік берілуі керек. Мұндай мүмкіндік олардың жұмысын жандандырып, салаға инвестиция тартуға жол ашады.



Отандық тауардың сауда орындарына кедергісіз шығарылуын қамтамасыз ету керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондай-ақ, өнімге қосылатын бағаны нақты белгілеп, арада жүрген саудагерлер санын азайту қажет. Ол үшін, ең алдымен, жедел түрде тиісті заңнамалық шараларды қабылдауымыз керек. Үкімет «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық жобасын бастау үшін ұсыныстар әзірлеуге тиіс».

Мемлекет басшысы сауда саласында тәртіп орнату өте маңызды екенін атап өтті. Өйткені, бұл салада көлеңкелі экономика өрісіп тұр, сауданың 40 пайызы мемлекет назарынан жасырылатын көрінеді. Алыпсатарлық, бағаны қолдан көтеру, тапшылықты қолдан жасау секілді заңсыздықтар жетерлік. Мұның бәрі тауарлар құнын қымбаттатады.

«Үкіметке Бас Прокуратурамен бірге базар иелерін бағаны ұстау, адал бәсекелестікті сақтау, саудагерлердің мүддесін сауда алаңдары әкімшіліктерінің заңға қайшы әрекеттерінен қорғау бойынша жауапкершілігін арттыру шараларын күшейту қажет. Үкімет пен әкімдерден қолданыстағы құралдардың тиімділігін арттыру, сондай-ақ жұмысқа жаңа тәсілдерді енгізу бойынша нақты қадамдар күтемін.

Күрделі халықаралық ахуал жағдайында азық-түлік қауіпсіздігінің өзектілігі еселеп артады. Әлемдік азық-түлік базасының өсімі қазірдің өзінде 34 пайызға жетті. Бидай бағасы 47 пайызға, жарма 18 пайызға қымбаттады. Құрғақ ауа райына байланысты Еуропалық одақ, АҚШ, Канада және басқа да елдерде түсім төмендейді деп күтілген.

Осы орайда, Қазақстанда ауыл шаруашылығы өндірісінің өсу қарқынының баяулауы байқалады. Сары май өндірісі 12 пайызға, өңделген сүт – 7,5 пайызға, қант – 5,5 пайызға, ірімшік 3 пайызға төмендеді. Бұл ретте импорт көлемі 22 пайызға өсті. Әсіресе, сүт импорты 17 пайызға өсті.

Жауапты министрлік 2023 жылы Қазақстан құс еті (импорттың үлесі қазір 40 пайыз), шұжық өнімдері (44 пайыз), балық (60 пайыз), ірімшіктер мен сүзбе (50 пайыз), қант (60 пайыз), сүт өнімдері (4 пайыз) бойынша азық-түлік тәуелсіздігіне қол жеткізетінін хабарлады. Бірақ жағдай мүлдем бөлек екенін көріп отырмыз», – деді Президент.

Министрлерге сөгіс жарияланды

Қ.Тоқаев бұған дейін іске қосылған жеті қант зауытының төртеуі ғана Алматы және Жамбыл облыстарында жұмыс істеп тұрғанын жеткізді. Онда да олардың қуатының үштен бірі ғана қолданылады екен. Ауыл шаруашылығы министрлігі қызылша қантының үлесін 2026 жылға қарай 6 есе, 7 пайыздан 43 пайызға дейін көбейтуді жоспарлап отыр. Бірақ кейінгі төрт жылда қант қызылшасының алқабы үш есеге қысқарып кеткен.

«Қазақстан сырттан келетін қантқа 90 пайызға тәуелді. Бұл жерде Еуразиялық экономикалық одақтың аясындағы шешімдерге сілтеуге болады. Бірақ бұл – бәрібір Үкіметтің үлкен кемшілігі. Яғни мемлекеттің ұстанымын қорғай алмады. Сондықтан министрлер Бақыт Сұлтанов пен Ербол Қарашөкеевке сөгіс жариялаймын. Үкіметке шұғыл тәртіпте қант саласын дамытудың жеке салалық жобасын әзірлеу керек. Ондағы мақсат – импортқа тәуелділікті айтарлықтай қысқартып, өзіндік қамтамасыз етуге біртіндеп көшу.

Бұл салаға отандық және шетелдік инвесторлар тарапынан қызығушылық айтарлықтай жоғары, дұрыс тәсілдер қажет. Бұл – ішкі саяси мәнге ие принципті мәселе. Дүкендерде не болып жатқанын көріп отырмыз. Ұят!

Бұған дейін тапсырмам бойынша Азық-түлік қауіпсіздігінің орта мерзімді жоспары әзірленген болатын. Бірақ бұл Жоспарда нақты әрекеттер алгоритмінің орнына тек жақсы ниет жиналған. Оның орындалмай қалу қаупі бар. Ауыл шаруашылығы

ғы техникасы паркін жаппай жаңартуға қатысты өзекті мәселені қосымша қарастыру қажет», – деді Президент.

Мемлекет басшысы бұл мақсатта қаржыландырудың бүкіл тәсілін пайдалануды ұсынды. Отандық ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін жеңілдікпен несиелеу механизмін енгізуді тапсырды.

«Агроөнеркәсіп кешенін дамытпай, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл – аксиома. Өнім алу тиімділігі әлемдік деңгейден әлдеқайда артта қалған. Өзіміздегі тұқыммен қамтамасыз ету 51 пайызды ғана құрайды. Картоп пен қант қызылшасы секілді өнімдерде бұл көрсеткіш 10 пайыздан аспайды.

Біз импорттық тұқымға аса тәуелдіміз. Үкімет тәжірибелі шаруашылықтар негізінде бастапқы тұқым шаруашылығын дамытуы керек. Кәсіпорындарға техниканы жаңартуға көмектесу, сондай-ақ агроғылымды жан-жақты ынталандыру қажет. Өнімділік пен шығымдылық агротехнологиялардың сақталуына айтарлықтай байланысты. Елімізде шаруалар қажетті тыңайтқыштың төрттен бір бөлігін ғана шығарады. Бұл олардың құны жоғары болуына байланысты.

Елдегі тыңайтқыштар нарығы импортқа және бірнеше отандық өндірушіге тәуелді. Сонымен қатар, жуырда жүргізілген тексеру барысында отандық фермерлерге қымбатқа сату фактілері анықталды. Мысалы, «Қазфосфат» ЖШС еншілес компанияға («KAZ Chemicals» сауда үйі) ЖШС) тыңайтқыштардың қомақты көлемін сатқан. Бұл сауда үстемесін 30 пайызға дейін өсірген. Бұл жағдайды монополияға қарсы әрекет ету шараларымен реттеді. Өндіруші заңсыз кірісін қайтарады», – деді Қ.Тоқаев.

Президент тиісті ведомстволар бұл мәселені қатаң бақылауда ұстауы керек деп тапсырма берді. Жалпы, тыңайтқыш тапшылығы – әлемдік үрдіс. Қазақстан жыл сайын 600 мың тоннадан астам минералды тыңайтқыштарды импорттайды. Соның 80 пайызы (500 мың тонна) Ресейден әкелінеді. Мемлекет басшысы Үкіметке тыңайтқыш тапшылығы мен оның құнын асыра бағалаудың алдын алу үшін кешенді шаралар қабылдауды жүктеді.

Сондай-ақ, Қазақстанда дәлелденген қоры бар бірқатар калий және фосфоритті кен орны бар екенін еске салды. Оларды өнеркәсіптік дамытуды қолға алып, отандық тыңайтқыштар өндірісін жолға қою керек екенін жеткізді. Әйтпесе, тыңайтқышқа импорттық тәуелділіктен шыға алмайды. Осыған байланысты Үкіметке бұл мәселені ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Жаңа жұмыс орындары ашылуға тиіс

Екінші – Азаматтардың табысын арттыру және адам капиталын дамыту, деп сабақтады сөзін Қ.Тоқаев. Соңғы жылдары халықтың табысы біртіндеп өсті. Былтыр бұл өсім 5 пайыз шамасында болды. Бірақ Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында жұрттың табысы орташа республикалық деңгейге жетпейді. Бұл көрсеткіш Алматы және Шымкент қалаларында да төмен. Ал Қызылорда облысында халықтың табысы тіпті азайып кетті. Биыл мамыр айында азаматтардың нақты табысының көрсеткіші минус 2,9 пайыз болды. Мұндай құлдырау көптен бері болған емес.

«Халықтың табысын арттыру бағдарламасы қабылданды. Бірақ оның жұртқа тигізіп жатқан пайдасы шамалы. Ең алдымен, жергілікті жерлерде тиімді жұмыс жүргізілуі керек. Әкімдер жыл сайын әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын ашуға тиіс. Менің білуімше, бұл бағытта нақты нәтиже жоқ. Тағы да ескертемін. Өңір басшыларының жұмысын бағалаған кезде осы көрсеткішке баса мән береміз. Жұмыс орындарын ашу жұрттың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Экономиканың тұрақты дамуы да осыған байланысты. Сондықтан



ОРЫНДАУЫ ТИІС

Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті



Үкімет әкімдермен бірлесіп, бұл міндеттің қалай орындалып жатқанын талдауға тиіс.

Халық саны көбейген сайын тұрақты жұмыс орындары ашылуы керек. Бірақ Маңғыстау облысында осы мәселе ескерілмеген. Мұнда жөнсіз жүргізілген көші-қон саясатының салдарынан күрделі ахуал қалыптасып отыр. Тұрғындардың саны көбейгенімен, әлеуметтік инфрақұрылым салынған жоқ. Жұмыс орындары ашылмады. Тұрмыс сапасы төмендеп кетті. Жұрт «ҚазМұнайГаз» компаниясына жұмысқа тұрғызуды, жоғары жалақы беруді талап етеді. Ашығын айтқанда, Жаңаөзендегі кен орындарының көпшілігі сарқылып барады. Бұл жағдай баршаға мәлім.

Кейінгі 15 жылда осы өңірде мұнай өндіру ісі 30 пайызға азайған. Соған қарамастан, жұмысшылар саны 50 пайызға көбейді. Еңбекақы төлеу қоры 10 есе артты. Ал көп жалақы төленетін үш өңірдің бірі – осы Маңғыстау өлкесі. Нақты айтсақ, Жаңаөзен орташа еңбекақының ең жоғары деңгейі бойынша көш бастап тұр. Үкімет Жаңаөзенді дамыту үшін арнайы жоспар қабылдады. Республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөліп, салықты азайтып отыр. Осындай тікелей қолдау шаралары еліміздің басқа облыстарының есебінен жасалуда. Жұрттың бәріне мұнай-газ саласынан жұмыс тауып беру мүмкін емес. Мұны ашық айтуымыз керек», – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы өңірдегі жұмыссыздық ішкі және сыртқы көші-қон үдерісіне байланысты күшейіп баратынына екіпін берді. Үкіметке ішкі экономикалық ресурстарды жұмылдыратын жаңа тәсілдер әзірлеуді тапсырды. Бұл ретте халықты өзге аймақтарға көшіру бағдарламасын түбегейлі қайта қарау керек екенін атап өтті.

«Біз тарихи Отанына оралған қандастарды толық қолдаймыз. Бірақ тек Маңғыстау өңірімен шектелуге болмайды. Басқа облыстарға, соның ішінде өндірісі дамыған аймақтарға қоныстануға болады. Біз қажетті жағдайды жасауға дайынбыз.

Қазіргі заманда өңірлерде, елдерде, тіпті, құрлықтарда жұмыс күшінің көші-қоны жүріп жатыр. Бұл заңды құбылысқа айналды. Осы үрдіске біздің азаматтар да үйренуі керек. Көрші елдердің азаматтары бұл жағдайға жақсы бейімделді. Біз қандастарымыздың барлық салада, соның ішінде мемлекеттік қызметте жұмыс істегенін қалаймыз. Олар Жаңа Қазақстанды құруға өз үлесін қосады деп сенемін.

Қазіргі таңда жастарды жұмыспен қамтуға баса назар аударатын кез келді. Жыл сайын еңбек нарығына 300 мыңға жуық жас шығады. Елімізде өскелең ұрпақтың өзін-өзі дамытуына жағдай жасалып жатыр. Бірақ нақты шараларға қарамастан, жастарды жұмыспен қамту мәселесі толық шешілмей келеді. Кейбір аймақта жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі еліміздегі орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары. Әсіресе, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары – соның қатарында. Үкімет және облыс әкімдері осы мәселеге айрықша назар аударуға тиіс. Жыл аяқталғанда тиісті қорытындысын шығарамыз.

Екі мыңыншы жылдары бала саны күрт көбейгені белгілі. Келесі жылдан бастап сол кезеңде дүниеге келген ұрпақ еңбек нарығына шыға бастайды. Осыны ескерген жөн. Сондықтан жұртты жұмыспен қамту ісіне қатысты тың тәсілдер қолдану қажет. Ал азаматтарымыз қазіргі замандағы халықаралық нарық үрдісіне бейімделуі керек», – деді Президент.

Білім саласында қордаланған мәселе көп

Президент еліміздің демографиялық, көші-қон, технологиялық даму барысын да ескеруді ұсынды. Бұл мәселенің демографиялық және экономикалық қырын бірдей ұштастыра білген

жөн. Осы орайда, Үкіметке еңбек нарығын дамыту жоспарын шұғыл әзірлеуді тапсырды. Адам капиталын дамыту ісінде білім саласы негізгі рөл атқарады. Таяуда Білім және ғылым министрлігі екіге бөлінгені белгілі. Бұл қадам қордаланған мәселелерді шешу үшін қажет.

«Үкімет және жаңа министрліктердің басшылары отандық білім және ғылым саласын тың серпінмен дамытуға күш салады деп сенемін. Мен осы жылды Балалар жылы деп жарияладым. Бірақ соңғы жылдары мектеп қабырғасында зорлық-зомбылықтың көбейіп кеткені алаңдатты. Оның үстіне толық жабдықталған мектептердің 65 пайызында (яғни 3 мың мектепте) бейнебақылау жүйесі талапқа сай емес, кейде мүлдем жұмыс істемейді. Жалпы, еліміз бойынша балалар мен жасөспірімдердің өз-өзіне қол салуы, яғни суицид азайды. Дегенмен, Алматы, Жамбыл, Қостанай және Маңғыстау облыстарында мұндай оқиғалар көбейіп барады. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауға, суицидтің алдын алуға, әрбір баланың құқықтарын қамтамасыз етуге арналған кешенді жоспар қажет.

Тағы бір түйткілге тоқталсам. Жекеменшік балабақшаларда балаларды ұрып-соғу деректері бар. Сонымен қатар, жұмыс істемейтін балабақшаларға қаржы бөлу көбейіп кетті. Мұның бәрі олардың қызметі ашық емес екенін, азаматтық жауапкершілігі жоқтығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, қоғам талабына сай емес. 2011 жылы балабақшалардың лицензия бойынша жұмыс істеу тәртібін тоқтаттық. Мемлекет бұл қадамға амалсыздан барды. Өйткені, мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен барынша қамтуымыз керек болды. Бұл ретте жеке сектордың әлеуетін пайдалану маңызды еді. Нәтижесінде 2 және 6 жас аралығындағы балалардың 88 пайыздан астамы балабақшамен қамтылды. Енді қызмет көрсету сапасын арттыратын кез келді. Үкімет осы мәселені мұқият қарастыруы керек. Лицензиялау тәртібін қайта енгізу, ең алдымен, мемлекетке емес, қоғамға қажет шара. Өйткені, басты мақсат – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Келесі мәселе – қосымша білім беру. Бұл – өскелең ұрпақтың қарым-қабілетін дамыту үшін қолға алынған бастама. Қосымша спорттық және шығармашылық білім беру ісіне мемлекет тапсырысы бойынша қаржы бөлінетін болды. Бұл қадам үйірмелер мен секцияларға қатысатын балалардың санын 70 пайызға дейін арттырды. Мұны стратегиялық тұрғыдан дұрыс шешім болып деп санаймын. Дегенмен, жоба іске қосылған жылы бірқатар олқылықтарға жол берілді. Яғни қаржы мәселесіне және тиісті порталдың («Артспорт») жұмысына қатысты қателіктер болды», – деді Президент.

Мемлекет басшысының сөзіне сүйенсек, қаржыны артық жұмсау, алаяқтық, ашықтан-ашық жымқыру басталған. Атааналар балаларын бірден бірнеше үйірмеге берген. Өкінішке қарай, мұндай теріс пиғыл басқа балалардың жолын кесіп отыр. Қ.Тоқаев кемшіліктің бәрін түзетіп, осы игі бастаманы жалғастыру қажет деп мәлімдеді.

«Әкімдіктер және мамалар қосымша білімге бөлінетін бюджет қаражаты жетпей қалуы мүмкін деп алаңдап отыр. Білімге салынған қаражат мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан бұдан ешкім тыылмайтыны сөзсіз. Үкімет пен әкімдер жұртшылықпен бірлесіп, жобаны жетілдіруге тиіс. Оны сапалы әрі тиімді жасау қажет. Нақты ғылымдар мен инженерия саласы бойынша қосымша білім беруге айрықша назар аудару керек. Балаларды дене шынықтыру және академиялық тұрғыдан бірдей дамыту қажет. Ауылдық жерде тұратын балаларға баса мән берген жөн. Барлық аймақтағы балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігі болуға тиіс. Құзырлы министрлік пен әкімдіктер жобаның жүзеге асырылуын

реттеп, жіті бақылауы қажет. Бұған дейін бөлінген қаржының жұмсалуды тексеру керек. Бұл міндет Бас Прокуратураға жүктеледі. Анықталған кемшіліктерді Үкіметпен бірлесіп жою қажет.

Үкіметтің басты міндетінің бірі – ана мен баланың денсаулығын сақтау. Өкінішке қарай, сәбилердің өлімі көбейді. Ана өлімі де өсуде. Мен перинаталдық қызметтің жай-күйін тексеруге тапсырма бердім. Оның қорытындысы бойынша тиісті шаралар қабылдануы керек еді. Бірақ барлық жұмыс аудит деңгейінде тоқтап қалды. Қазіргі перзентханалардың көбі халықаралық стандарттарға сай емес. Сондықтан шұғыл шаралар қабылдап, осы мәселені шешу қажет», – деді Қ.Тоқаев.

МӘМС-тен нәтиже шықпады

Президент денсаулық сақтау саласында түйткілді мәселелер көп екеніне тоқталды. Мәселен, Қазақстанда созылмалы ауру салдарынан қайтыс болу көрсеткіші өте жоғары. Әсіресе, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдермен салыстырғанда біздегі ахуал өте нашар. Медицина саласына бөлінген қаржы көлемі артқанымен, мұнда қордаланған мәселелер шешімін таппай отыр.

Мемлекет басшысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі тиімді болмағанын, нақты нәтиже шықпағанына екіпін берді. Үш миллионға жуық адам медициналық сақтандырудан тыс қалған. Соның кесірінен олар денсаулық сақтау саласындағы қызметтерді толық пайдалана алмайды. Осыған байланысты Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды тапсырды.

«Келесі өзекті мәселе – денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру. Бұл жұмыс өте баяу жүріп жатыр. Жалпы, цифрландырудың қазіргі деңгейі дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп отырған жоқ. Денсаулық сақтау саласында 40-тан астам ақпараттық жүйе жұмыс істейді. Әр жүйенің өз кемшіліктері бар. Министрлік жауапкершіліктен қашып, нақты шешім қабылдамай отыр. Ал мұның зардабын дәрігерлер мен азаматтар тартуда. Үкімет осы мәселені тез арада шешуі керек.

Енді күн тәртібіндегі шұғыл мәселелерге тоқталайын. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша коронавирус жұқтырғандар көбейіп келеді. Соңғы екі аптада науқастардың саны 30 пайызға артқан. Біздің елде де ахуал күрделене түсті. Алматы «қызыл» аймаққа қайта кіруі мүмкін. Негізгі себеп – тұрғындар мен дәрігерлердің қауіпсіздік шараларын сақтамауы. Мекемеаралық комиссияның жұмысын күшейту қажет. Сондай-ақ, ревакциналау науқанын жандандырып жөн. Бұл жұмыста ешқандай асыра сілтеу болмауы керек. Шағын және орта бизнестің мүддесін ескерген абзал.

Менің тапсырмаммен Президент Әкімшілігі екі қанатқақты ұлттық жобаны – «Қолайлы мектеп» және «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғыртуды» әзірлеуді үйлестіреді. Олардың нақты міндеті және жүзеге асырылу мерзімі бар, нақты нәтижелерге бағытталған. Не жайында екендігін еске сала кетейін. «Қолайлы мектеп» ұлттық жобасы заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған, жаңа құрылыс стандарттары бойынша шамамен 840 мың оқушы орны құрылысын көздейді. Жоба үш ауысыммен оқу, апатты мектептер, бірыңғай білім алу жағдайын жасау мәселелерін шешуге арналған.

«Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы барлық ауылды қажетті медициналық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ол 800 мыңнан аса адам тұратын 650 елдімекенді қамтиды. 32 аудандық аурухананы көпбейінді медициналық мекеме деңгейіне дейін жаңарту жоспарланған.

Қ.Тоқаев осындай жобаның арқасында шұғыл және орташа технологиялық медициналық көмек алу үшін арақашықтық 500-ден 200 шақырымға дейін қысқартатынын атап өтті. Үкіметке бюджеттік процесс аясында осы жылдың қыркүйегіне дейін барлық есебін жүргізуі және аталған ұлттық жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті шаралар қабылдауды ұсынды.

Бюджет кірісі әділ бөлінуге тиіс

Сондай-ақ, ақша-кредит және салық-бюджет саясатын жетілдіруге де тоқталды. Отандық қаржы жүйесі жұмыс істеп тұрған кезеңде пайыздық канал толыққанды іске қосылмаған. Бұл экономиканы басқарудың басты тетіктерінің бірі – ақшанесие саясатындағы тиімділікті төмендетіп отыр.

«Осы мәселелерді шешу үшін қаржы саласын реттеушілер мен Үкімет тарапынан кешенді іс-шаралар қажет. Монетарлық саясат саласындағы кемшіліктер қаржы секторын дамытуы тежеп отыр. Кері жағдай да бар. Қазіргі кезде тұтынушылық қарыздардың қарқынды өсуі тұрғысында экономикалық белсенділіктің негізгі факторы саналатын корпоративті несиелеу үлесі қысқарып келеді. Бес жылда жалпы берілген қарыздардың ішінде корпоративті несиелеу үлесі 68 пайыздан 41 пайызға дейін азайды.

Кез келген шағын жобаға мемлекеттік даму институттары немесе халықаралық қаржы институттары есебінен несие бөлу жағдайлары кездеседі. Бұл ретте банктерде 11 трлн теңге сомасында өтімділігі жоғары активтер бар. Шын мәнінде, бұл алаңдататын жағдай. Қаржылық реттеуші пруденциалық нормативтерді жетілдету жөнінде қабылданған шаралардан есеп береді. Бірақ деректер көрсеткендей, мұндай шаралар жеткіліксіз.

Сондықтан Ұлттық Банкке, Қаржы нарығын реттеу агенттігі Үкіметпен бірлесіп, экономиканың нақты секторын несиелеуге банктерді жұмылдыру үшін қосымша тетіктер мен ынталандыру қадамдарын даярлау қажет.

Бюджет деңгейлері арасында кірістерді әділ бөлу мәселесі өзекті болып тұр. Қатаң фискалды орталықсыздандыру жағдайында кірістерді бөлу жүйесі объективті емес. Төрт өңірден басқасы дотациялық аймақтарға айналып, орталыққа тәуелді. Шын мәнінде, олар салықтың жиналауын арттыруға ынталандырылмаған. Салдарынан өздерінде жеке қаражаттың тапшылығы қалыптасқан.



АҚОРДА

ҮКІМЕТ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН

САРАПШЫ ПІКІРІ



Бекнұр ҚИСЫҚОВ,
экономист, қоғам белсендісі:

Өз Отанымызға жанымыз ашуы керек

Президент өте өзекті мәселелерді көтерді. Сонымен бірге, министрліктер мен комитет басшыларына бірқатар нақты тапсырмалар берілді. Соның ішінде «Тұрақты қор» туралы ой айтылды.

Биылдың өзінде 18-19% инфляция орын алды. Дүкендердегі баға шарықтап барады. Соның бәріне тұрақты баға жасау қажет. Осыншама қаржы мемлекет тарапынан бөлінді. Бірақ азық-түлік бағасы өсіп барады. Осыған орай, атқамінерлер нақты істер қабылдауы керек еді. Алайда, істеліп жатқан істер өз нәтижесін бермеуде.

Қазіргі таңда ең өзекті мәселе, ол – қант. Өз жерімізде шығарылатын өнімнің құнының күрт өсуі күмән тудырады. Неге олай? Бұл жағын дөп басып ешкім айта алмайды. Ең бастысы, инфляцияны тездетіп тежемесе болмайды. Еліміздегі бұрыннан келе жатқан қант зауыттарының жұмысына сараптама жүргізілуі қажет. Осыдан кейін барып нәтиже шығара аламыз. Жалпы үкімет отырысында айтылған игі ойлар мен нақты тапсырмаларды кезек күттірмей орындау қажет. Сонда алға ілгерілейміз.

Нүркен АЙТЫМБЕТОВ,
Философия, саясаттану және
диптану институты
Саяси зерттеулер орталығы
директорының орынбасары:



Қатаң бақылауға алу – уақыт талабы

14 шілде күні ҚР Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалық етуімен
Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті.

Мемлекет басшысы әлемде орын алып отырған күрделі геосаяси және экономикалық тұрақсыздықтарға қарамастан ел экономикасының бірқалыпты дамып, осы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 3,4 пайызға, ал нақты сектор 4,1 пайыз деңгейінде өсім көрсеткендігін баса айтты. Алайда, күн сайын құбылып отырғын инфляцияны ауыздықтау, азық-түліктің тапшылығы мен қымбатшылықпен күрес бойынша Үкімет жұмысына көңілі толмайтындығын жеткізді. Осыған байланысты азаматтардың табысын арттыру мен адам капиталын дамыту, ақша-несие және салық-бюджет саясатын жетілдіру, автожолдарды жөндеу және тағы басқа да нақты секторларды қолдау бойынша Үкімет алдына тапсырмалар қойды.

Мемлекет басшысының Үкімет жұмысын осылайша қатаң бақылауға алуы, экономиканың әрбір саласына жауапты органдардың нақты атқарған жұмыстарының тиімділігіне қарап бағалауы – уақыт талабы. Бұл қоғам алдына үйреншікті түрде жыл сайын кейбір билік органдары тарапынан берілетін, көп жағдайда соңына дейін сапалы орындала бермейтін бос уәделер мен жалған есептердің заманы келмекке кеткенін көрсетеді. Енді сөзден нақты іске көшетін уақыт келді. Осылайша әрбір жауапты министрліктердің атқарған қызметі Мемлекет басшысының әрқашан жеке бақылауында болып, тоқсан сайын нақты атқарылған шаралар бойынша есеп беруі елдің тұрақты дамуының айқын кепілі болмақ.

Осыған орай, Президент Қ.К.Тоқаев кейбір министрліктердің қызметін сынға алып, ескертулер мен сөгістер жариялады. Атап айтқанда, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинге ескерту жасалды. Президенттің айтуы бойынша елімізде цифрландыру баяу жүріп жатыр. Мемлекет башысының бұл салаға ерекше көңіл бөлу себебі бүгінгі күні цифрландыру экономиканың дамуының қозғаушы күші болып табылады. Қоғам өмірінің барлық саласына цифрлы технологияларды енгізу арқылы экономиканың даму қарқынын жылдамдату жаһандық трендке айналып отыр. Біздің мемлекетте цифрландыру саласында әлемдік жетістіктер мен кемшіліктерді ескере отырып тиімді іске асырылған іс-шаралар алдағы уақытта экономикалық өсім мен әлемдік сахнада елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететіні сөзсіз. Сондықтан Мемлекет басшысы бүгін цифрландыруды дамыту бойынша заңға қол қойды. Бұл заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар алдағы уақытта инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздік пен білім беруді дамытуға жағдай жасайтын болады.

Дайындағандар Олжас ЖОЛДЫБАЙ,
Айнұр СЕНБАЕВА.

(Басы 1,2,3-беттерде)

Жергілікті бюджеттер қажетті қаржыландыру көлемінің тек бестен бір бөлігін ғана жабады. Ал қалғанын орталықпен келісе отырып қана алу мүмкін. Мен осыған дейін де бұған қатысты пікір білдірген едім. Қазіргі бюджеттердегі бүкіл өзгеріс Республикалық бюджет комиссиясының және мәслихаттардың отырыстарында қаралады. Бұл көбіне шамадан тыс бюрократизмге әкеліп, мерзімін кешіктіреді. Соның салдарынан азаматтардың әлеуметтік үміті ақталмай отыр. Құрылыс-монтаж жұмыстары үшінші жылы ғана басталатын жағдайлар бар. Бұл ретте қазіргі жүйе бюджеттік қаражатты игерудің уақытылы және толықтығын бірінші орынға қойып отыр. Ал шығынның тиімділігі мен орындалған жұмыстың сапасы назардан тыс қалады», – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы жаңа салық-бюджет саясаты қаржы-экономикалық функцияларды аймақтардың пайдасына беруді ұсынды. Кірістер мен шығыстардың едәуір бөлігін өңірлерге беруге мүмкіндік бар. Сондай-ақ, оларға қойылатын талап та артылады. Сонда ғана түпкілікті нәтижеге қол жеткізіліп, жергілікті биліктің рөлі мен жауапкершілігі артпақ.

Президент бюджеттік жоспарлауды, бюджетаралық қатынастарды, бағалау жүйесін жетілдіру бойынша нақты тапсырмалар бергенін еске салды. Мұның нәтижесі мардымсыз екеніне тоқталып, Қаржы министрлігін сынға алды.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне өңірлермен және сарапшылар қауымдастығымен бірге жоғарыда аталған барлық басымдық бойынша практикалық реформалар пакетін дайындауды тапсырамын. Реформалар азаматтар мен бизнестің мүдделерін толық қанағаттандыруы тиіс, – деді осы ретте Президент.

Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мен заңсыз жолмен алынған мүлікті қайтару бойынша жұмыстар басталды. Осы орайда тиісті комиссиялар құрылды. Бірақ соңғы кездері олардың белсенділігі бәсеңдеді. Тауар нарықтарын монополиясыздандыру мен капиталды қайтаруға бағытталған шараларды жедел қабылдау керек.

Өз ісін адал атқарып келе жатқан бизнеске кедергі келтіру әрекеттеріне жол бермеу қажет. Мұндай деректер бізде кездесіп жатады. Жергілікті жерлерде кәсіпкерлерге қысым көрсету жағдайлары қайта-қайта жалғасып келеді. Егер бұлай жалғаса берсе, онда құқық қорғау органдарының өздеріне қатысты қатаң шаралар қабылдаймыз.

Киік – қазақ үшін киелі жануар

Мемлекет басшысы экономиканың нақты секторын қолдау жөнінде де сөз қозғады. Инвестициялық капитал үшін жаһандық күрес болып жатқанына куә болып отырмыз. Ресей нарығындағы 1400 шетелдік ірі компанияның тең жартысы жұмысын тоқтатты немесе мүлдем кетті. Осы орайда, Президент Үкіметке Қазақстанға әкелуге қолайлы жағдай жасау керек деп тапсырды. Бұл орта және жоғары бөліністегі тауарлардың өндірісін арттыруымызға мүмкіндік береді.

Мен Үкіметке қайта өңдеу өнеркәсібіндегі инвестициялық жобалардың пулын әзірлеп, оларды әлеуетті инвесторлармен бірге пысықтауды тапсырған болатынмын. Бұл жұмыс әлі күнге дейін талқылау мен кездесу режимінде қалып отыр. Нақты нәтижелер әзірге аз, мақтанарлық көрсеткіш жоқ. Шындап келгенде, жаңа жобалар жоқ.

Тағы қайталап айтамын, бәрінен бұрын жобалар өңірлерде де, жергілікті орындарда да іске асырылады. Сондықтан оған инвестиция тартып, түпкілікті нәтижеге жету жөніндегі есеп министрлер секілді әкімдерден де сұралады, – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы жер қойнауын игеруге салынатын инвестицияларды ынталандыру жоспарымен бөлісті. Елдегі геология саласындағы жұмыстардың тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету – маңызды міндет. Осыған байланысты жеке министрлік құрылғанына екпін берді. Бірақ ашықтықтың болмауы, шешімдерді қулауды қабылдау бүгінге дейін саланың дамуын тежеп отыр. Геологиялық ақпаратқа қолы жеткен адамдар байып жатқан көрінеді.

Ресурсқа бай төлімдерді таңдаулылар мен пысықайларға заңсыз үлестірілуіне жол беруге болмайды, деп қадап айтты Президент. Бұл туралы бірнеше рет ескертілген. Үкімет бірнеше жылдан бері минералдық ресурстардың цифрландырылған ашық геологиялық мәліметі бар банкін құруға уәде беріп келеді. Тиісті қаражат бөлінді де. Бірақ осы бір маңызды тапсырма әлі күнге дейін орындалмай отыр және түрлі сылтаулармен созылаңға салынып кетті. Жұмсартып айтқанда, мәселе кәсібиліктің төмендігінде жатыр. Қатты айтсақ, қасақана саботаж деуге болады. Екеуінің де салдары орындаушылар үшін оңай болмайтын ескертемін. Бұл, ең алдымен, салалық министрге қатысты. Сондай-ақ, басқа ведомстволар да жауапты.

Салалық министрлікке қатысты айтсақ, министрге сөгіс жариялаймын. Біріншіден, сөгіс жоғарыда айтқан кемшіліктер үшін беріліп отыр. Сондай-ақ, киіктердің тағдыры туралы түсініксіз әуре-сарсаң мен пікірталас қалыптастырғаны үшін сөгіс жарияланады. Мұның бәрін қоғамдық талқылаудың осыншалық деңгейіне шығарудың қажеті не? Бұл мәселеге ұлтымыздың менталитетін ескере отырып, кәсіби тұрғыда келу керек. Шынында, киік қазақ халқы үшін киелі жануар саналады. Табиғи ландшафтан 80 мың бас киікті жою, яғни өлтіру туралы ұсыныс енгізіліп отыр. Бірақ басқа да тәсілдер бар секілді. Мамандармен ақылдасыңыздар. Бұл ең соңынан жүгінетін шара ғой. Мен мұны қолдануымыз мүмкін екенін жоққа шығармаймын. Бірақ мұның ақырғы шара екенін қайталап айтамын. Мәселеге кәсіби тұрғыда қарау керек.

Жоғарыда айтылған мәселеге оралсақ. Үкімет Ұлттық деректер банкін құру жұмысын созылаңға салу себебін баяндауға тиіс. Цифрландыру ісі баяу жүріп жатыр. Менің ойымша, қанағаттанарлық емес. Есеп комитетінің сынына ұшыраған «Зерде» ұлттық холдингінің жұмысын жақсартуды тапсырған

едім. Цифрландыру жұмысының кураторы ретінде Премьер-Министр осы мәселеге баса мән бергені жөн. Министрге ескерту жасаймын. Сіздің жұмысыңызға көңілім толмайды. Премьер-Министрді ұятқа қалдырып отырсыз.

Жер қойнауын пайдалану саласында да тиімсіз саясат сақталып отыр. Менің тапсырмам бойынша қолданылмай жатқан кен орындарын ауқымды тексеру жүргізіліп жатыр, келешекте оларды адал инвесторларға беру көзделген. Бірақ нәтижесі көңіл көншітпейді. Сондай-ақ, пайдалы қазбаларды заңсыз игерудің, мерзімі өткен келісім-шарттардың көптеген деректерді де бар.

Энергетикалық қауіпсіздік сақталуға тиіс

Мемлекет басшысы энергетикалық қауіпсіздікті қалыптастыру мәселесіне тоқталды. Отандық мұнай өңдеу зауыттарында жүргізілген жаңғырту жұмыстарына қарамастан, жыл сайын елімізде мұнай өнімдерінің тапшылығы туындайды. Қ.Тоқаев олардың қызметіне тексеру жүргізілгенін атап өтті. Мысалы, 2020-2021 жылдары бұл зауыттардың жұмысы 410 рет жоспардан тыс тоқтатылған. Атырау мұнай өңдеу зауытында – 372 рет, Павлодар зауытында – 14 рет және Шымкент зауытында 24 рет жұмысын тоқтатқан.

Мұнай өңдеудің қолданыстағы схемасы тиімсіз, делдалдар табыстың негізгі үлесін иеленіп кетті. Ал зауыттар жеткіліксіз қаржыландырылды. Осылайша аралас схемаға көшу туралы шешім қабылданды. Бұл схема мұнай өнімдерінің маркетингін мұнай өңдеуші компаниялар мен зауыттардың өздеріне жүргізуін көздейді. Сол арқылы табыстарын арттырып, өндірісті жаңғыртып, еңбекақыны көтеруге мүмкіндік береді.

Ұлттық компаниялардың тиімділігі – әлі де өзекті мәселе. Ұлттық және квазимемлекеттік компанияларда әкімшілік шығыстар көлемді мөлшерде сақталған. Бұл – «Самұрық-Қазына» басшылығының кемшілігі. Тындырылған жұмыс көп, тындырылмағаны одан да көп. Қордың қалыпты жұмыс істеуі үшін базалық тиістілік нормативтерін қайта қарау қажет. Оның қызметін қайта құру әлі де өзекті.

«Самұрық-Қазына» тиімді операциялық орта құрып, ұтымды корпоративтік басқарудың орнына бұрынғысыныша портфельдік компаниялардың операциялық және сатып алу қызметіне, кадр саясатына тікелей араласып отыр. Мұндайда қандай корпоративтік басқару мен IPO туралы айтуға болады? Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне Үкіметпен, «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды одан әрі реформалау жөнінде нақты ұсыныстар дайындауды тапсырамын, – деді Қ.Тоқаев.

Президент күзде елде дизель отынының тапшылығы туындауы мүмкін екенін жеткізді. Яғни 100 мың тонна дизель жетіспеуі ықтимал. Бұл жағдай жыл сайын егін жинау науқаны кезінде қайталанып келеді. Мемлекет басшысы Үкіметтің уәжіне, яғни транзиттік көліктер мен көрші елдердің іргелес аймақтарындағы тұрғындардың жанармайды тасып әкетуіне сенім білдірмеді.

Мәселе одан тереңде жатыр – отандық мұнай өнімдерін іргелеті елдерге әкетудің жылдар бойы әбден жолға қойылған схемасы бар, деді мәселеге байланысты сөзінде Президент. Қаржылық мониторинг агенттігіне осы мәселенің анық-қанығын тексеру керек. Маған бұл мәселемен кім айналысып отырғаны туралы нақты ақпарат ұсыныңыздар. Осыдан кейін түбегейлі шешім шығарамыз.

Үкімет пен Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне шекара периметрі бойынша транзиттік көліктерге мұнай өнімдерінің сараланған бағасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл көрші елдермен баға теңсіздігін төмендетіп, өзіміздің азаматтарға арналған бағаға әсер етпейді.

Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатында газ саласы маңызды рөл атқарады. Жаңа өнеркәсіп объектілерін енгізу және елді газбен қамту есебінен ішкі нарықта газ тұтыну жыл сайын артып келеді. Кейінгі 10 жылда ішкі нарықта газ тұтыну көлемі екі еседен астам – 9 миллиардтан 19 миллиард текше метрге дейін өсті. Елімізде келесі жылдың өзінде газ тапшылығы болатыны туралы болжам бар.

Бұл ретте газды экспорттық нарықтан ішкі нарыққа қайта бағдарлау – валюталық түсімнің жоғалуына және сауда теңгерімінің нашарлауына әкелетін мәжбүрлі қадам екенін түсіну керек. Сондықтан аталған проблеманы шешу үшін ресурстық базаны ұлғайтып, газды қайта өңдеу шараларын жолға қою қажет. Газ өндіру мен өңдеуді ұлғайта отырып қана мемлекет экспорттан пайда тауып, ішкі қажеттіліктерді толық көлемде қамтамасыз ете алады. Сол себепті, газ өндіру жөніндегі жаңа жобалардың фискалдық преференцияларын пысықтаған жөн. Сондай-ақ, Үкімет ұлттық компаниялар арасында функцияларды нақты бөлуге тиіс.

Мемлекет басшысы сұйытылған газдың бөлшек саудадағы бағасын реттеу мерзімі осы жылдың соңына дейін ұзартылғанын жеткізді. Алайда, болашақта бағаны жасанды жолмен ұстап тұру тапшылыққа әкелуі мүмкін. Бұл – нарық заңы. Сондықтан Үкімет баға ауытқуларына жол бермей, сауда-саттықты бастау шараларын қабылдауы керек.

Өздеріңізге мәлім, маусымда энергия тарифтерін көтеруге жарияланған мораторий мерзімі аяқталды. Құрал-жабдық тозуының артуы мен жылыту маусымына дайындықты ескере отырып, тарифтерін өсіруге тура келеді. Бұл мәселеге ақылмен қарап, бағаның күрт көтерілуіне жол бермей, компаниялардың асыра пайда табуына жол бермеу қажет.

Халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобына қолдау көрсету өте маңызды. Үкімет әлеуметтік қолдаудың проактивті форматына көшуі, оны барынша атаулы жасауы тиіс. Отбасының әлеуметтік картасын көңілге қонымды жасап, шынайы іске асыру өте маңызды. Жобаның бастапқы тұжырымдамасы оны әзірлеуге бірнеше ведомствоньың қатысуына байланысты сан мәрте өзгеріске ұшыраған болатын. Үкіметке жылдың соңына дейін Отбасының цифрлық картасын іске қосуды және «Әлеуметтік әмиянды» енгізуді тапсырамын.

Энергия қуатының тапшылығын да естен шығаруға болмай-



ОРЫНДАУЫ ТИІС

Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті



ды. Энергия теңгерімі жоспарына сәйкес, осы жылы бір гига-ваттан артық қуатты пайдалануға беруге тиіс едік. Бірақ бір-қатар жобаны жүзеге асыру кейінге қалдырылды. Биыл жоспарланған қуаттың тек 31 пайызы ғана іске қосылады (347 МВт). Энергия тапшылығы жағдайында мұндай қарқын көңіл көншітпейді. Үкімет мұны түсінеді деп үміттенемін.

Елдің бірыңғай энергия жүйесінің Оңтүстік және Батыс аймақтарының электр желісін күшейту жеткіліксіз қарқын-мен жүріп жатыр. Қазіргі уақытта Батыс аймақтағы жұ-мыстар тек 10 пайызға ғана аяқталған. Жобаларды дер кезінде жүзеге асыру үшін барлық іс-шараны қабылдау қажет. Қазақ-станның энергетикалық қауіпсіздігі соған байланысты, – деді Президент.

Ақордаға апаратын жол құрақ көрпе секілді

Мемлекет басшысы автожол инфрақұрылымын дамыту мәселесі төңірегінде де ой қозғады. Биыл 11 мың шақырымнан астам жолға әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұған 600 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінеді. Президент жөндеу жұмыстарын созбалаңға салуға болмайтынын атап өтті. Жоба-ларды жүзеге асыру барысын қатаң бақылауға алу қажет. Жол-дың сапасына айрықша назар аудару керек.

Еліміздің жолдары нашар екені және жол құрылысы сала-сын жемқорлық жайлағаны ешкімге жасырын емес, деп атап өтті Президент. Тіпті, басқа жерді айтпағанның өзінде, Ақорда-ға апаратын жолдың өзі жамау-жамау, құрақ көрпеге ұқсайды. Жалпы, бұл салада қордаланған мәселе көп. Тендерді жыл са-йын бірді-екілі компания ғана ұтып алады. Мұндай жағдайдың қайталанып келе жатқанына ондаған жыл болды. Осының бәрін ретке келтіру үшін шұғыл шаралар қабылдау керек. Жарты жыл өтті. Ал жол жөндеуге бөлінген қаражаттың 44 пайызына мем-лекеттік сатып алу қорытындысы жасалған жоқ (464 млрд теңгенің 263 млрд теңгесі бойынша мемлекеттік сатып алу ко-рытындысы бар). Бұл жұмыс Павлодар (17%), Маңғыстау (24%) және Батыс Қазақстан (27%) облыстарында өте баяу жүруде.

Келесі мәселе. Қазақстанда жол құрылысына қажетті мате-риалдың бәрі бар. Бірақ отандық өндірістің әлеуеті толық қол-данылмайды. Мұны, тіпті, қолдан жасалған тапшылық деуге болады. Мысалы, елімізде битум өндіретін үш зауыт бар. Соған қарамастан, 200 мың тонна битум жетіспейді. Құрылыс қарқын-ды жүрген кезде оның бағасы үш есе (яғни бір тоннасы 90 мыңнан 250 мың теңгеге дейін) қымбаттайды. Үкіметке жол құрылысына қажетті ресурстарды өндіру және тұтыну барысын мұқият саралауды тапсырамын. Соның негізінде құрылыс мате-риалдарын шығаратын жаңа кәсіпорындар ашу қажет. Ал жұ-мыс істеп тұрған нысандарды жаңғырту керек.

Президент айтқан тағы бір өзекті мәселе – мемлекеттік са-тып алу конкурсын өткізу. Мәселен, 2019 жылдан бері автожол саласында құны 1,5 трлн теңге болатын мемлекеттік келісім-шарттар жасалды. Соның 40 пайызын шетелдіктердің қатысы бар компаниялар ұтып алған. Қ.Тоқаев шетелдік серіктестерге қолдау көрсетілетінін, оларға нарық әрдайым ашық болатынын жеткізді. Бірақ отандық компанияларымыз белсене қатыспай-ды. Осыған байланысты Үкіметке жергілікті кәсіпорындар үшін бәсекелі орта қалыптастыруды тапсырды.

Мәселен, кейбір ірі компанияның еңбек және материалдық ресурстары жеткіліксіз. Соған қарамастан, олар тендерді ұтып алып, жұмысты мердігерге ысыра салады. Осындай ахуал жыл-да қайталаыды. Тіпті, жұмыстың 100 пайызы басқа мердігерге тапсырылғаны жөнінде мәліметтер бар. Мысалы, Қарағанды–Балқаш автожолын (363 шақырым) жөндеу жұмыстары 2019 жылдан бері жалғасып келеді. Бұл жобаның жалпы құны – 248 миллиард теңге. Бас мердігері осы жұмысты басқа компанияға тапсырды. Ал бұл компания барлық жұмысты қосалқы мерді-герге берген. Тіпті, 22 пайыз көлеміндегі үстеме ақысын да ұстап қалған.

Тағы бір өзекті мәселе – жол бойында заманауи қызмет көрсету ісін ретке келтіру. Қазір елімізде осындай 1600 нысан бар. Оның 68 пайызы ғана ұлттық стандартқа сай келеді. Тран-зит тұрғысынан өте маңызды Түркістан, Қарағанды және Маң-ғыстау облыстарындағы жағдай өте нашар.

Келесі мәселе – автожол саласына қатысты. Бұл салаға тү-бегейлі реформа жасайтын уақыт жетті. Қазір еліміздегі жол-дың жай-күйін қадағалап, қызмет көрсететін екі негізгі опера-тор бар. Тұрасын айтсақ, екеуі де бір жұмысты атқарып отыр, жұмысшыларының саны да қажетті шамадан артық. Соған қа-рамастан, азаматтардан келіп жатқан орынды арыз-шағымдар азаяр емес, ал жолдың сапасы мүлде сын көтермейді. Үкіметке «ҚазАвтоЖол» және «Қазахавтодорды» біріктіріп, Қазақстан-ның біртұтас автожол компаниясын құруды тапсырамын. Нәти-жесінде қызметкерлердің саны да қысқарады.

Жалпы, бұл саланы кешенді түрде қайта жаңғырту керек. FIDIC халықаралық қағидаттарын енгізген жөн. Оны жүзден астам ел пайдаланып отыр. Бұл жүйе жол саласын тиімді бас-қаруға, бюджет қаражатын ұтымды пайдаланып, барлық дең-гейдегі жемқорлық қаупін азайтуға мүмкіндік бермек. Мұндай жүйеге көбі қарсы болады. Бұл жерде министрдің және тиісті вице-премьердің нық ұстанымы қажет. Тұтастай алғанда, осы мәселе бойынша арнайы комиссия құру керек. Оған Үкімет мүшелерін, Президент Әкімшілігі, құқық қорғау органдарының өкілдерін, депутаттарды қосқан жөн. Жарты жыл ішінде барлық кемшілікті, соның ішінде жемқорлықты және олқылықтарды түзетуге бағытталған ұсыныстарды әзірлеп, маған баяндау қа-жет. Бұл комиссия елдегі жол құрылысы саласында бұған дейін, кемінде 10 жылда, жіберілген бүкіл кемшілікті мұқият зерттеу-ге тиіс. Жолдарды сапасыз болуына кінәлілердің бәрін заңға сәйкес жауапқа тарту керек.

Жалпы, Үкіметтің жұмысына орташа деген баға беруге болады. Үкімет табандылық танытуға тырысуда. Бірақ қазіргі кезеңде босаңсуға болмайды. Жұмыс қарқынын барын-ша күшейту қажет. Жаңа, тың әдіс-тәсілдерді қолдану керек. Үкімет жедел әрекет ететін оперативтік штаб қана емес, нақты реформаларды ұсынатын және жүргізетін басты мемлекеттік мекеме болуы керек. Экономистер, кәсіпкерлер көп. Шетінен білімді, дарынды. Бірақ олардың нақты ұсыныс-тары аз, тіпті, жоқ деп айтуға болады. Күзге қарай, мүмкін, кадрлық шешімдер қабылдау керек болады. Ерекше дағдарыс жағдайында бұл өте қажет екені түсінікті, – деді Қ.Тоқаев.

Ішкі жалпы өнім көлемі өсті

Сондай-ақ, жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов пен Ұлттық Банк төрағасы Ғалымжан Пірматов баяндама жасап, елдегі ахуал туралы әңгімелеп берді.

Үкімет басшысының айтуынша, биылғы қаңтар-маусымда ішкі жалпы өнімнің өсуі 3,4 пайызды құраған. Тауар өндірісі 4,1 пайызға, қызмет көрсету саласы 2,1 пайызға артқан. Өңдеу өнеркәсібінде, құрылыс, сауда мен көлік салаларында қарқын-ды өсім байқалады.

– Биылғы қаңтар-мамыр айларының қорытындысы бойын-ша сыртқы сауда тауар айналымы 41 пайызға өсіп, 51 млрд долларды құрады. Экспорт 59 пайызға, оның ішінде өңделген тауарлар экспорты 35 пайызға көбейді. Жалпы, оң сауда ба-лансы 2,6 есеге артып, 17,1 млрд долларды құрады, – деді Ә.Смайылов.

Ұлттық Банк төрағасы Ғ.Пірматов қаржы жүйесінің тұрақ-тылығын қамтамасыз ету бойынша қабылданған шараларға тоқталды. Мәселен, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және теңдегі активтерді сақтау үшін Теңдегі салымдарды қорғау бағдарламасы қабылданған.

Ұлттық қор мен зейнетақы активтерінің ұзақ мерзімді кезеңдегі кірістілігі оң күйінде қалып отыр. Биылғы жылғы сәуірден бастап Үкіметтен бірлескен жұмыс аясында Қазақ-стан мемлекеттік бағалы қағаздары FTSE Frontier EM Government Bond индексіне енгізілді. JP Morgan дамушы нарық-тардың мемлекеттік бағалы қағаздарының индексіне енгізу үшін елдің мемлекеттік бағалы қағаздарын «жімі бақылауға» алды. Ұлттық Банк 1 шілдеден бастап Лездік төлемдер жү-йесін және Төлем карточкаларының банкаралық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға қосты. Пайдасы мен шығынын баға-лай отырып, цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылдау моделі әзірленді, – деді Ғ.Пірматов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САРАПШЫ ПІКІРІ



Максат ХАЛЫҚ,
экономист:

Қымбатшылық мәселесіне қатысты сын орынды

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев біраз маңызды мәселелерді атап өтті.

Көп дүниені көңілге түйдік. Өсіресе, қымбатшылық мәсе-лесіне қатысты айтылған Президенттің сыны орынды. Үкімет қазір оның салдарына көңіл бөленімен, нақты себептерімен күресіп жатқан жоқ. Азық-түлік бағаларының тұрақтылығы қарапайым халық үшін маңызды. Тұрақтандыру қорлары пан-демия кезінде өздерін жақсы көрсетті, қысқа мерзімде өз мін-деттерін шешті, бірақ қазір біз олардың көлемі ақшалай түрде өсіп келе жатқанын, ал әсері аз екенін байқап отырмыз. Ал қазір қолданылып жүрген тетік – дәлірек айтқанда, бөлшек сауда желілерінде саудагерлерге қаражатты бөлу арқылы бағаны ұс-тау – енді өміршең емес. Сондықтан дүкендер мен супермаркет желілеріне барып, халықтың күнделікті тұтынатын азық-түлік өнімдеріне 15%-дан артық қоспауға шақырудан пайда жоқ. Яғни әлеуметтік маңызы бар өнімдерінің бағасын тұрақтанды-ру бағытында жүйелі жұмыстарды қолға алған жөн. Қазір фермерлер қиын жағдайда, сондықтан Президент бөлшек сауда орындарына қарағанда фермерлерге тікелей қаржылай қолдау берген дұрыс деп орынды айтты. Сондай-ақ, бағаның өсуіне әсер ететін делдалдар өте көп, олардың жұмысын ретке келтіру қажет. Пандемия кезінде тұрақтандыру қоры өз жемісін бер-генін жоққа шығара алмаймыз. Әлеуметтік маңызы бар 19 тауардың тізімі айқындалып, жергілікті әкімдіктер мен супер-маркеттер арасында келісім жасалды. Яғни тауарлардың баға-сын өсірмейді, тиісінше әкімдік сол қордың есебінен қайтарып береді. Бұл белгілі бір дәрежеде жемісін берді деп айтуға негіз бар. Бірақ соңғы уақытта тұрақтандыру қоры үкіметтен көп қаражат сұрай бастады. Яғни бағаны тұрақтандыру үшін қорға қаражат әлі де жеткіліксіз көрінеді. Өкініштісі сол, сонда да әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасы арзандайтын емес, керісінше өсіп жатыр. Демек, бұл жерде белгілі бір дәрежеде нақты бір схемалар пайда болды. Яғни сол қаражатты талан-таражға салатын азаматтар пайда болды деген сөз. Прези-денттің айтып отырған ойы, міне, осы.

Менің ойымша, тұрақтандыру қорын толығымен жауып тастаудың қажеті жоқ. Бірақ та оны біртіндеп қайтару қажет. Өйткені, ол қазір тактикалық бағытта өз үлесін қосып отыр. Мәселеге нүкте қою үшін ұзақ мерзімге нақты шаруалармен, ауыл шаруашылық мамандарымен сөйлесіп, олардың нақты мәселелерін білу керек. Қазір тұқымның бағасы шарықтап кет-кен. Салалы тұқымдарды жеткізіп беруді қамтамасыз ету керек. Шаруаларға төмендетілген несиелер мен техникаларды жеткізіп беру керек. Егер осы мәселелер жүзеге асырылса, онда бағалардың тұрақты болуына әсер етуге болады.



Жазира ОШАҚБАЕВА,
философия ғылымының кандидаты:

Нақты міндеттер жүктеді

14 шілде күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді. Үкіметтің бұл отырысын ашық әңгіме деп атауға болады.

Мемлекет басшысы экономикамыздың көптеген ауыр тұс-тарын айта келіп, Қазақстанның жаңа Үкіметінің алдында тұрған: инфляцияны және азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру, азаматтардың табысын арттыру және адами ка-питалды дамыту, ақша-несие және салықтық-бюджет саясатын жетілдіру, экономиканың нақты секторына қолдау көрсету, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, автожол инфрақұ-рылымын дамыту сияқты мәселелер бойынша нақты міндеттер жүктеді.

Үкіметтің басты міндеттерінің бірі – ана мен бала денсау-лығын сақтау. Өкінішке орай, ана мен сәби өлімі көбейді. Ден-саулық сақтау саласында әлі де шешімін таппаған мәселелер көп. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, перзентханалардың көпшілігі халықаралық стандарттарға сай емес. Сондықтан шұғыл шаралар қабылдап, бұл мәселені шешу қажет. Жалпы, денсаулық сақтау саласында түйткілді мәселелер көп. Қазақ-станда созылмалы аурулардан болатын өлім көрсеткіші өте жоғары. Президент медициналық сақтандырудың да дұрыс жұмыс істемейтіндігін атап өтті, оған жүз пайыз келісеміз. Халық сақтандыру жарнасын төлеуде, бірақ тиесілі қызметтерді толық ала алмай отырмыз. Сонымен бірге, Ел басшысы елге қайтып келуге ниеттенген қандастарға толық көлемде қолдау көрсетілетінін, тек Маңғыстау өңірімен шектеліп қоймай, басқа облыстарға, соның ішінде өндірісі дамыған аймақтарға да қоныстандыру қажеттілігін атап өтті.

Мемлекет басшысы Үкіметтің жұмысына орташа деген баға беріп, күзге қарай кадрлық шешім қабылдауға тура келуі мүмкін екенін ескертті. Дағдарыс кезінде бұл өте қажет екені анық.

Дайындағандар Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Айнұр НҮРСАБЕТ.



МЕРЕЙ



«КӨКІРЕГІМ –

Заманымыздың ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматовтың сөзімен айтқанда, Нұрлан Оразалин – «дүниелік құбылыстарды өзінің жүрегі мен ойы арқылы өткізетін... Оның бір жырдан екінші бір жырға көшіп отыратын лирикалық кейіпкерінің жан әлеміндегі толғаныстар ауыл, аймақ, керек десеңіз, кейде ұлт пен ұлыс шекарасынан шығып, жалпы адамзаттық толғаныстар кеңістігіне көтерілген» жаңа дәуір әдебиетінің классигі, қазақ жырына олжа салған көрнекті ақын, танымал драматург, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері. Ол баспа, баспасөз, мәдениет саласында өнімді еңбек етіп, басшылық қызметтерде, атап айтқанда, Қазақстан театр қайраткерлері одағында – Бірінші хатшы, «Егемен Қазақстан» газетінде – Бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағында ұзақ жыл төраға болып қызмет еткен, Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымында халық депутаты, Қазақстан Республикасы Парламентінде Сенатор болған.

Ол – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, I дәрежелі «Барыс», III дәрежелі «Барыс» ордендерінің, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Алматы қаласы мен Алматы облысының Құрметті азаматы. Нұрлан Оразалиннің елуге тарта кітабы жарық көріп, шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне (орыс, француз, қытай, түрік, украин, болгар, өзбек, қырғыз, тәжік, әзербайжан, татар, т.б.) аударылған. «Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы белгілі ақын Нұрлан Оразалинді мерейтойымен құттықтай отырып, 75 жастың биігіне шыққан қазақ өлеңінің ақиығы туралы әр кезеңде жазылған белгілі адамдардың мақалалары мен орамды ойларынан үзінділерді оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Адамдардың танысуы оңай... Оған мына байланыс пен коммуникацияның мықтап дамыған ғасырында таңқалудың еш реті жоқ. Бірақ танысу оңай болғанмен, ой мен ойдың табысуы, пікір мен пікірдің тамырласуы, мақсат-мүдденің сабақтасуы, орайласуы қиын. Менің Нұрлан ініммен арадағы таныстығымның өрісі кеңейіп, мағыналы сипат алғанына, шығармашылық тұрғыда сәтті сабақтастық тапқанына қуанамын.

Ғарыш мінезді жырлар



Беу, көк аспан, аруақтардың мекені,
тіл қатшы бір... Тірілерге не дейін?!».

Немесе:

«Жүрегімді жұлқыды Тәңір сөзі,
тамырына тығылып қаламұштың...», –

деген жолдардың бойынан шынайы шабыттан туған қуатты жырға тән қайталанбас қасиеттердің жатқанын қалай ғана аңғармауға болады?..

Нұрлан үшін «қараңғы түн де», «аруақтарға мекен болған көк аспан да», «кеудесін қысқан Дәуірдің қасіретті толғағы да», бәрі-бәрі «жүрегін жұлқыған Тәңір сөзіндей» елестейді. Ақын үшін оқшау ескі обалар кешегі «хунндар мен сактардан қалып қойған оқылмаған кітаптай» көрінеді. Жастық шағы от-жалында шарпылып, зейнеткерліктің құрығына түскен карт адамның мына бір кескінін елестетіп көріңізші:

«Күн-түні шыжсырып көмбеге ойын,
іздеп-іздеп шаршаған пендедейін.

Көше кезіп келеді күз адамы
уқаланған үш сомдық теңгедейін...».

Құлаққа, ақынның өз тілімен айтқанда, «жұмақтың жайлы бір үніндей» естілетін мына ғажайып сұлу әлемнің әрбір сәті Нұрлан жырының жаратылысын ашар образды ойлаудың көркемдік құралдары секілді.

«Атқақтап тұр қатты тамырым,
білемін ешкімге көнбесін,
көтеріп кетердей Тәңірім,
ғарышқа – мәңгіге пендесін.

Көтерсе, көтерсін... Несі бар?!

Бір көріп қайтайын мұңды Айды.

Адамдар жердегі есі бар,

Айдағы дауысты тыңдайды...», –

деген асқақ үнді, адам атаулының бәріне етене жақын, таныс, түсінікті ғарыш мінезді жырлар соның дәлелі.

Мұндай Жер мен Көк арасын өлең сикырымен арбауға, жалғауға ұмтылатын табиғаттың өзіндей таза, қуанышы мен қайғысы, мұны мен сыры, мұзы мен жалыны қатар өрілер отты жырлар – бұл кітаптың басты өлшем, таразысы.

«Сезімсіз жүрек қалай дір етпек?

Сезімді сұлу құс дейді.

Жүректің үнін естір жүрек тек,

түсінер тілсіз ішкі ойды», –

депті бір өлеңінде ақын. Ендеше, мен де талантты ізбасар інімнің жүрегінен төгіліп туған осынау ойлы да отты Жыр Үнінің адамдар жүрегіне, санасына тезірек жеткенін қалаймын!

Жалынды, жақсы жырлардың бауы берік болсын!

Өлең – адам ойы мен сезімінің тұңғыық сырларын тербейтін мәңгілік пен шексіз қозғалыстың құдіретті көзі екенін естен шығарма! Жыр-құсыңның қанаты талмасын, Нұрлан інім!

Шыңғыс АЙТМАТОВ.

Бішкек,

17 наурыз, 1997 жыл.

Осыдан төрт жыл бұрын Қазақстанның Тәуелсіздік мерекесіне қатысуға келген бетім. Қазақ туғандар қай кездегідей ашық-жарқын қарсы алып, бір кездесуден екінші бір кездесуге жетелеп, мені қолды-аяққа тұрғызбады. Қалың қар құшағында жатқан Алатау да, түнгі көшелерін сақылдаған сарышұнақ аяз қыдырған Алматы қаласы да ерекше сұлу.

– Шықа, қарсы болмасаңыз, Сізге бір қолқамыз болып тұр, – деді Әбіш Кекілбаев інім қашанғы сабырлы мінезіне басып. – Егер Сіз жөн көрсеңіз, бас газетіміз «Егемен Қазақстанда» кездесу бар еді...

– Е-е, сендер жөн көрсеңдер, мен неге қарсы болайын... – дедім.

Токтам осы болды.

Уәделі кезде Әбіш скеуіміз қолтықтасып, редакция босағасын аттадық. Бізді жарқын жүзді журналистер қауымы ерекше туысқандық көрсетіп қарсы алды. Кездесу бас редактордың бөлмесінде өтті. Маған редактордың өзін-өзі ұстауы, тауып сөз айтуы ұнады. Әдебиет, өмір туралы ойлары мен тұжырымдары да көңілге қонымды. «Е-е, соңымыздан білімді, білікті жастар келеді екен-ау» деп ойладым іштей...

Ұзын сөздің қысқасы, желтоқсанның сол бір әсері мол айшықты күндерінің ықылас-мейірімінің мол болғаны соншама, мені Алматыдағы дос-бауырларымның дәмі Еуропаға жібермей, ұшағым мерзімінен үш күн кешігіп ұшты. Әбіш, Қуаныш, Нұрлан үшеуі мені үш күн бойы шығарып салудың әлегімен жүрді.

Сондай самолет жолын тосқан күндердің бірінде Нұрлан: – Мүмкін, уақытыңызды өткізуге себі тиер. Оқып көрерсіз... – деп менің қолыма қазақ тілінде шығатын бір журнал әкеліп ұстатты.

Жаңылмасам, аты – «Парасат»... Парақтай бастадым. Журналдың айқарма бетінде Нұрланның суретімен үлкен топтама жырлары жарық көріпті. Оқып шықтым. Бүгінгі уақыт заман жайлы сыр толғайтын, ойының астарында отты мұң мен сезім бар, мұңның астарында ашу бар, ашуының төркінінде шындықтың от-жалыны бар жырлар екен. Өлеңі ойың мен сезімді тез баурайды. Әсіресе, ақын жүрегін жарып шыққан:

«Түнгі дауыс...

Қандай сұсты? Урейлі...

Әлдекім кеп көшемді үнсіз күреді.

Желтоқсанның жетеді үні талықсып,

Қуатындай бір ой қуып бір ойды...», –

деген жолдар жадыма қалып қойыпты...

Ертесі мен мінген ақ лайнер аспанға көтеріліп, Еуропаны бетке алды. Алатау да, Алматы да, маған қуаныш, тебіреніс

сыйлаған желтоқсанның ақ қарлы, сары аязды, шуақты күндері де артта қалып бара жатты. Тілімнің ұшына Нұрланның әлгі бір жолдары қайыра-қайыра орала берді...

Міне, ақынның «Құралайдың салқыны» атты жыр жинағын оқу үстінде тағы да сондай бір өзгеше әсер шуағында отырмын. Қолжазбаның әр жаңа бетін ашқан сайын маған әлдебір таныс сезім қолын созатындай. Дүниелік құбылыстарды өзінің жүрегі мен ойы арқылы өткізетін ақынның жырларын толқымай оқу мүмкін емес.

«Мен осы өзіммін бе, басқамын ба?

Пендемін бе жүрген құр бас қамында?

Жанымды мазалайды қайдағы ойлар,

Жиі жасын ойнайды аспанымда.

Қара нөсер төгеді көктен құйын,
қара аспанның көңілі кеткен бе иіп?!
Жүрегім елеңдейді жиі-жиі,

найзағайлы ғарышым неткен биік?!», –

деген жұдырықтай жүрегі бар жұмыр басты пенденің қай-қайсысына да тән осынау философиялық тебіреніс пен сезім иірімдерінің өзгеше суретін салған, өлеңмен қиыстырып ой өрген жолдарға еріксіз риза боласын. Ақын қуанса, шын қуанып, мұңайса шын мұңаяды. Оның бір жырдан екінші бір жырға көшіп отыратын лирикалық кейіпкерінің жан-дүниесіндегі толқыныстар ауыл, аймақ, керек десеңіз, кейде ұлт пен ұлыс шекарасынан шығып, жалпы адамзаттық, толғаныстар кеңістігіне көтеріледі. Ол аспанмен тілдесе де, жермен сырласа да, бір қызығы, сені досыңмен, ең жақын, ет бауыр туысыңмен сөйлестіргендей, тілдестіргендей ерекше бір халге бөлейді.

«Қараңғыға ұмтылады неге ойым?

Қамықтың деп кімді, қалай сөгейін?



САУАЛДАРДЫҢ ҰЙЫҒЫ...»



Күнге арналған дұға сынды...

Өлі есімде, Мұхтар Әуезовтің Париж төріндегі жүз жылдық торқалы тойы тұсында акын һәм драматург Нұрлан Оразалиннің сол жиынға қатысқан әлемге әйгілі қаламгерлермен салыстырғандағы құттықтау сөзінің басты айырмашылығы – Абай тілінде сөйлегендігі еді. UNESCO-ның мәжіліс залында өткен мерейтойлық шараға жиылған жұрт ақиық акын әрі қоғам қайраткері – Нұрлан Оразалиннің шығармашылығына шынайы қызығушылық танытқаны есімде.

Менің пайымдауымда, оның шығармашылығында тамаша ұлттық поэтикалық дәстүр мен Батыс, Шығыстың қуатты шайырлық мектебі біте қайнасып, үндесе үйлесіп, камшының тісіндей қатар өріліп отырады. Осынау ерекшелік қанатты акын туындыларының аудармасында айқын көрініп, менмұндалап тұр. Акын жырларындағы жанартаудай атқылаған ойлы образдар аясындағы бұрқсарқ қайнаған, қайраққа жанылған қуатты сөз аудармашысын одан бетер ынталандырып, ынтықтыра түскені байқалады.

Нұрлан Оразалиннің алғашқы өндірдей өлеңдері өткен ғасырдың алпысыншы жылдары жарияланған. Міне, сонау арынды «алпысыншы жылдардан» бері дарынды акынның ондаған жыр жинағы жарық көріп, 2006 жылы таңдамалы үштомдығы оқырманға жол тартыпты.

«Дарынды адам – әр істе дарынды» деген сөз бар. Замандас, қаламдас, қанаттас інім – Нұрлан Оразалиннің сан қырлы шығарма-

шылығынан аңғарғаным: ол – актангер акын, өткір тілді көсемсөзші, шебер драматург. Оның пьесалары еліміздің көптеген театрларында қойылып, сондай-ақ қазақтың саңлақ корифейлері тер төккен қасиетті өнер қарашаңырағы – Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында да үздіксіз қойылып келеді. Нұрлан Оразалин – жұмбағы мен машақаты мол аруақты жанрдың хас шебері, нағыз білгірі. Мұнымен қоса, ол – барған жерін табысқа кенелтер талантты басшы, сан мәрте сайланбалы қызметтердің додасын жарып өткен мықты жетекші, сол қатарда көп жылдардан бері Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып келе жатқанын айрықша атап өткім келеді.

Нұрланның бауырмал, ашық, парасатты, ұстанымына берік, табанды мінезі өлеңдерінен де айқын көрінеді. Акын өлеңдеріндегі таңғажайып табиғилық пен тұлға бойындағы кісілік кендік, адами дарын Ресей мен Қазақстанның белгілі аудармашылары тарапынан сәтті үйлесім тапқан.

Қанын ішіне тартқан қазіргідей жаһандану дәуірінде адамзатқа ортақ сан алуан құндылықтардың бағы құлдырап, дәстүр сабақтастығы үзіле бастаған тұста, біздер – ақындар поэтикалық рухтың алтын көпірін орнықтыру үшін күресуіміз керек. Нұрлан Оразалиннің орыс тілінде жарық көріп отырған алғашқы жыр жинағы осы айтылған қағида мен ұстанымды шегелей түсері анық. Кітап көп қырлы поэтикалық образдар мен сезім

селіне бай. Әр парағы, әр бетінен жалынды жастық пен бала кезіміздегі нәзік сезім, тұнық махаббаттың жарқын сәттері елес беріп өткендей әсерге бөлейді.

Уақыттың қуатты үні мен ғасырлар қойнауынан күмбірлеп жеткен бабалардың күдіретті рухы – Нұрланның поэтикалық әлемінің көнермес көркем өзегі, ойдың айнымас атрибуттары. Бұл қасиеттер ақынның поэтикалық пафосы мен дүниені қабылдауына айрықша қанат бітіріп, Нұрлан жырларын планетарлық ойлау биігіне көтереді. Төмендегі жыр жолдары осы айтқанымыздың артық дәлелді керек етпейтін, өрісті, өркенді үлгісі екені даусыз.

«Құлағыма жетеді ылғи бір сарын,
Жел шайқаған дауысындай шыршаның:
Желініп ем жүйрік мінген тек мендей...
Неге жеттім?
Қайда әкелді жыр-сағым?
Не бітірдім?
Өзімді-өзім ұрсамын.

Жазғырамын... Жазалаймын... Сөгемін...
Опырылып, ойдан азап шегемін.
Күрсінем де сөзден алып өшімді,
ашуымды ақ қағазға төгемін.

Адаммын мен... Жұмырбасып,
пендемін...
Біреуге асқар. Ал біреуге шөңгемін.
Көкірегім – сауалдардың ұйығы,
Тіршілігім – ыстығындай көмбенің...».

(«Что за мелодия рвётся в ушах,
звоном, которого нету чудесней...
Словно бы всадник несётся во мрак,
Я устремляюсь за собственной песней.

Мучаюсь, каюсь, страдаю, казнюсь...
Мне не хватает бесстрашной отваги:
Я на слова беззащитные злюсь,
Чтоб отыгаться на белой бумаге!

Так же, как вы, я земной человек:
Мил – для одних, а другим – ненавистен...
Только в груди моей пепел, как снег,
Жизнь моя – жар отгорающих истин...»).

(С.Мнацаканян ауд.)

(Түсінікті болу үшін өлең мен өлеңнің
көркем аудармасын қатар беріп отырмыз.
Ауд. Ә.Б.)

Ашылған парақтарынан жел ойнаған жыр жинақ – жайылған аялы алақан іспеттес: бәрімізге ортақ Күнге арналған дұға сынды. Мен кітап авторы – акын Нұрлан Оразалинді көз алдыма осылай елестетем.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,
Қазақстан Республикасының Еңбек Ері,
Қазақстанның Халық жазушысы,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.
Париж, қазан, 2007 жыл.

Аударған Әлібек БАЙБОЛ.

ЖЫР-ТАРТУ

АЛЛАНЫҢ ҒАНА ЕРКІНДЕ...

*Дауым жоқ, деме!
Сөз жалған.
жауым жоқ, деме!
Көз жалған.
Көріп тұр бәрін Жаратқан,
Көріп тұр мына боз жалған.*

*Қасым жоқ, деме!
Іргеңде.
Досым көп, деме!
Бір демде...
Қас пенен досты танырсың,
тағдыр шеңгелі бүргенде...*

*Жанатын тұста
жанып қал,
баратын тұста барып қал,
бастағы бақтың ғұмырын
уақыт шіркін анықтар.*

*Ғаламды көрсең...
Көр түнде!
Сағыныш – жүрек өртінде.
Өмірдің қызық, қайғысы –
Алланың ғана еркінде!*

Нұрлан ОРАЗАЛИН.

«Мен Нұрланды қазақ поэзиясында санаулы ақындардың бірі деп қабылдаймын... Ол өмірдегі барлық болмысқа, құбылысқа ызасы бетіне теуіп, тепсіне қарамайды. Ыза – ақылдың жауы... Ол тіршілік болмысына биіктен, парасат биігінен байыппен қарайды...».

Фарица ОҒАРСЫНОВА,
1988 жыл.

«Нұрлан ең алдымен акын. Ақын болғанда, қазақ өлеңіне қомақты олжа салып, өз биігін өзі анықтап келе жатқан мықты ақындарымыздың бірі, бірегейі. Өз үні, өз қолтаңбасы айқын, ұлт биігіне көтерілген акын.

Нұрлан – драматург. Мәдениет министрлігінде жүрген кезеңде біраз пьесалар жазды. Ол дүниелері сахна бетін көрді, күні бүгінге дейін театрларда жүріп те келеді. Нұрланның пьесалары – қазақ мәдениетіне қосылған үлес. Осы тұрғыдан келгенде, Нұрлан тек қана әкімшілік жолмен, яғни Жазушылар одағының басшысы болумен ғана аты шығып келе жатқан жоқ. Ол – өзінің шығармашылық табыстарымен де жарқырап көрініп жүрген қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлға.

Нұрлан – біздің дәуіріміздің үлкен ақындарының қатарын сапалы тұрғыдан молайтқан акын».

Тұрсынбек КӘКШЕВ,
2014 жыл.

«Поэзия әлемінің қат-қабат жұмбақ сыры, нәзік пірімі, еріксіз өзіне табындырар тылсым күші Нұрлан ақынның өлеңдерін оқыған сайын сезіліп, ақынның бүкіл ішкі әлемін алдымызға жайып салады... көз алдымызға жаны мазасыз, сезімі алаң тұлға келеді...».

Рымғали НҮРҒАЛИ,
2002 жыл.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.

ОЙ-ПІКІРЛЕР

«...Оразалин ақындықтың, поэзияның небір терең сырларын, нәзіктігі мен от-жалыны, шуағы мен нөсері барын сыншыларымыздың бірде-бірі айта алмаған мағыналы, мәнді түрде айтқан...».

Ғабит МҮСІРЕПОВ,
1984 жыл.

«Я, как старейшина советской и постсоветской литературы, издавший на своём веку достаточно разных людей, восхищён порядочностью, человечностью, деловитостью и скромностью моего молодого друга, коллеги Нурлана Мыркасымовича Оразалина и уверен, что он и своим литературным талантом, и беспокойным добрым сердцем, и организаторской способностью принесёт много-много пользы для духовного единства народов наших стран...».

Сергей МИХАЛКОВ,
2004 г.

«Нұрлан не жазса да әбден бояуын қандырып, көңілінде көп тербеп, көп толғатып барып қағазға түсіреді. Оның үстіне ол поэзияның арғы-бергісін тіпті көп біледі. Сол білгеннен қашады. Қашады да өзінше бір жыр желісін ашады...».

Інімнің ой-толғаулары, қалам сілтестері өз қатарластары емес, алдағы ағаны да бір сілкітін, оятатын айқай деп бағалаймын. Мен Нұрланның өлеңдерін оқып отырып, көбіне ойға батамын, әлдебір әсем әннің әуезін естігендей күй кешемін. Нұрланның жырлары оқырманын бей-жай қалдырмайды. Жылатады. Мұңайтады. Күрсінтеді. Қуантады. Шырықтырады. Арынды аялап, намысына қамшы салады. Осының бәрі айналып келгенде, нағыз жырдың, нағыз өлең тамырының соғысын анықтар критерий-өлшемдер. Жырдың көркемдік қуаты мен ақындық мінездің сыр-сипаттарын анықтар басты белгілер».

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,
1997 жыл.

«...Мен Нұрланды толыққан, шығармашылық жағынан да, азаматтық жағынан да бірдей өсіп, кемелденіп келе жатқан тұлға ретінде қатты сыйлаймын, қадірлеймін. Нұрланның, әсіресе, маған азаматтық көзқарастары мен қайраткерлігі ерекше ұнайды... Қазіргі таңда әдебиетке, ұйымды басқаруға, әдеби процесті үйлестіруге мэтр керек пе, менеджер керек пе деген мәселе – шешімі қиын даулы мәселе! Әзірге мэтрге де, менеджерге де бірдей икемі бар, оған жеткілікті мөлшерде өмірлік тәжірибе жинақтаған бірден-бір адамымыз да осы – Нұрлан Оразалин. Әдебиеттің үлкен ақиқаттарын түсінетін және түсіндіретін тұлға тағы да осы Нұрлан!».

...Әдебиет – ұлт абыройы. Ұлт абыройына қызмет ету – қай-қайсымыздың да парызымыз. Қысқасы, қазіргі және болашақ әдебиетіміздің өркендеуіне бәріміз бірге атсалысуымыз керек. Соның ішінде Сенатор, қаламгер Нұрлан Оразалин осынау ердің ері ғана шыдайтын, ұлттың ұлылығын паш етер абыройлы істің басы-қасында болуы керек деп есептеймін!».

Әбіш КЕКІЛБАЕВ,
2014 жыл.



ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ

БАЙЛАНЫСТЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Рысқұлов даңғылында орташа жөндеу жұмыстары басталды

Рысқұлов даңғылы – қаланың шығысынан батысына қарай Құлжа күре жолынан басталып, Саин көшесіне дейінгі аралықта созылып жатқан мегаполистегі маңызды көшелердің бірі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



КЕРЕК ДЕРЕК:

• Ағымдағы жылы жалпы ұзындығы 200 шақырымды құрайтын 224 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.



Көлік ағынының қарқындылығына байланысты және қаланы өзге өңірлермен біріктіретін басты магистральды жолдардың қатарындағы аталмыш көшеде 14 шілдеден бастап орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Құрылыс жұмыстары Немирович – Данченко көшесінен Жангелдин көшесіне дейінгі учаскеде жүргізіледі.

Айта кетейік, жалпы ұзындығы 4,7 шақырымды құрайтын Рысқұлов даңғылына жөндеу жұмыстары осыдан 9 жыл бұрын, яғни 2013 жылы жүргізілген екен.

Алматы қаласы Мобильділік басқармасы көше-жол желілерін дамыту бөлімінің басшысы Нұрзат Ордабаевтың айтуынша, учаскені тексеру кезінде жол бойында көптеген шұңқыр, ойылған жерлер, қабыршақтану және инженерлік желілерді салғаннан кейінгі жол төсемінің отыруы анықталған. Жолдағы ақаулардың көбейгенін ескерген сала мамандары Рысқұлов даңғылын 2022 жылғы жол жөндеу жұмыстары жоспарына қосу туралы шешім қабылдаған.

Биыл Алматыда 224 көшеде жол жабынына орташа жөндеу жүргізу жоспарлануда. Жөнделетін жолдардың жалпы ұзындығы 200 шақырымды құрайды. Ағымдағы жылы «Қайрат», «Әлмерек», «Алғабас», «Ақжар» және «Шаңырақ-1» шағынаудандарында 70 шақырым жаңа жол салу жоспарлануда. Бұл жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы қала жолдарының үлесін 86%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

«Vision Zero» тұжырымдамасына сәйкес орташа жөндеуді жүргізу аясында көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көшелерде трапеция тәрізді жасанды кедергілерді, қауіпсіздік қақпақтарын, қауіпсіздік аралдарын орнату бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

КЕРЕК ДЕРЕК:

• Биыл «Қайрат», «Әлмерек», «Алғабас», «Ақжар» және «Шаңырақ-1» шағынаудандарында 70 шақырым жаңа жол салынады.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

ЖАСТАРҒА
ЖОЛ АШЫҚ

Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығы 29 жасқа дейінгі жастарды «Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысуға шақырады.



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Иә, жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешу үшін Алматыда «Алғашқы жұмыс орны» жобасы іске асырылып жатыр. Бұл жоба жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді және оларға алғашқы еңбек тәжірибесі мен қажетті еңбек дағдыларын алуға мүмкіндік береді.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасына 29 жасқа дейінгі (колледж, ЖОО түлектері, оның ішінде NEET санатындағы (жұмыс істемейтін және оқымайтын), жұмыс тәжірибесі жоқ) жұмыссыз жастар қатыса алады. Жобаға

қатысу мерзімі 18 айдан аспайды. Курс аяқталғаннан кейін қатысушыға кемінде 12 ай мерзімге тұрақты жұмыс орны беріледі. Бір айлық жалақысы айына салықтар мен әлеуметтік аударымдарды ескере отырып, 30 АЕК-ті (91 890 теңге) құрайды.

Биылдан бастап «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша 159 адам жұмысқа орналасқан.

Бұл жоба бойынша ұсынылып отырған бос жұмыс орындарымен ENBEK.KZ электрондық еңбек биржасы порталындағы «Бос орындар» – «Мемлекет субсидиялайды» қосымшасы арқылы танысуға болады. ENBEK.KZ порталында онлайн-режимінде немесе мобильді қосымшада жұмысқа жолдама алуға болады. Ол үшін жұмыс іздеп жүрген адам ретінде де, жұмыссыз ретінде де тіркелу керек; лайықты бос орынға пікір білдірген абзал; жұмыс берушіден қоңырауды күтесіз.

«КҮМІС ЖАС»
үлкендер үшін

«Зейнет жасына таяп қалдым, енді маған қайдан жұмыс табылсын?!» деп қол құсырып отыруға болмайды. Алматыда зейнет жасына дейінгі азаматтарды жұмысқа орналастыруға көмектесу үшін «Күміс жас» жобасы басталды.

Оған зейнеткерлік жас алдындағы (зейнеткерлікке шығуға 2 жыл қалған) адамдар қатыса алады. «Күміс жас» жобасына қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Қатысу кезеңінде Халықты жұмыспен қамту орталығы зейнеткерлік жас алдындағы адамдар жалақысының бір бөлігін бюджет қаражаты есебінен субсидиялайды. Ай сайынғы субсидиялар мөлшері салықтар мен



әлеуметтік аударымдарды ескере отырып, жалақы мөлшерінің 50%-ын құрайды, бірақ 30 АЕК-тен аспайды. Қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс беруші зейнеткерлік жас алдындағы адамды зейнеткерлікке шыққанға дейін тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастырады.

Жұмыспен қамту орталығымен 69 ұйымнан 122 жұмыс орнын құруға өтінімдер қабылдады.

Өтінімдер бір жылдан астам жұмыс істейтін және тұрақты салық және басқа да әлеуметтік аударымдар жүргізетін, сондай-ақ жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардан қабылданды.

«Күміс жас» жобасы бойынша бос орындармен ENBEK.KZ электрондық еңбек биржасы порталындағы «Бос орындар» – «Мемлекет субсидиялайды» қосымшасы арқылы танысуға болады.

Мұнда да ENBEK.KZ порталы арқылы жұмыс іздеп жүрген адам ретінде де, жұмыссыз ретінде де тіркелу керек; лайықты бос орынға пікір білдірген абзал; жұмыс берушіден қоңырауды күтесіз.

Осы тақырыптар бойынша толық мәліметтер алу үшін Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығына, мына мекенжай бойынша хабарласу қажет: Достық даңғылы, 85-үй. Тел.: +7 (727) 310-21-31. Эл.пошта: info@cz-almaty.kz

ТІЛ САЯСАТЫ

Мемлекеттік тілді
үйренуге
талпыныс жоғары

Қазақ тілін үйренуге құлшыныс жылдан-жылға артып келеді. Көбісі ана тілімізді онлайн оқыса, енді бірі түрлі орталықтардан білім алуда.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Осы ретте қазақ тілін үйренуге талпыныс білдірген Алатау ауданы «Мәдениет» ықшамауданында тұратын дүнген этносның өкілдерін ерекше атап өткеніміз жөн болар. Мемлекеттік тілімізді жетік меңгеруге ықылас танытып, олар Парламент Мәжілісінің депутаты И.Ю.Буларовқа тілектерін жеткізген. Нәтижесінде тұрғындардың қазақ тілін үйренуге деген ықыластарына жан-жақты қолдау көрсету туралы шешім қабылданып отыр.

«Түрлі этнос өкілдеріне мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесі біздің елде бұрыннан бар. Тіпті, қаламызда біраз жылдардан бері мемлекеттік қызметшілерге, қала тұрғындарына мемлекеттік тіліміз оқытылып келеді. Осы ретте «Мәдениет» ықшамауданына қарасты №196 мектептің ұжымына ерекше алғысымызды білдіреміз», – дейді Аманат партиясының Алатау аудандық филиалының мүшесі, қоғам белсендісі Ибрагим Масанов.

Мемлекеттік тілді үйрену курсына 42 азамат өтініш берген. Оқыту курсы өтініш берген азаматтардың жас ерекшеліктері мен жұмыс уақыттарының мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөлініп жүргізіледі.

«Іс басталды, ендігі жерде бұл бастаманы жақсы деңгейде өткізсек деген ойдамыз. Қазақ тілін үйренуге келіскен осы мектептің мұғалімі Сайрагүл Садыққызына алғысымды білдіремін. Ігі бастаманың басы-қасында жүрген азаматтарымыздың істері елеусіз қалмайтыны сөзсіз», – деді Алматы қаласы «Қоғамдық келісім» МКК директорының орынбасары Жәнібек Нәлібаев.

«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүйелі жұмыс атқаруда. Қазақ тілі сабақтары қазірше жазғы уақыттарда осындағы мектепте өтеді. Бүгінде қазақ тілін жақсы білу – заманның талабы. Сондықтан тегін берілетін сабаққа неге келмеске. Тіл үйрену сол елдің тарихына, салт-дәстүріне терең бойлау. Осы ретте қазақ тілін үйренуге құлшыныс танытқан дүнген этнос өкілдерінің бастамасы бізді қуантады», – дейді Алматы қаласы әкімі аппаратының Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас маманы Нұрмұха Шәймерденов.

Қатысушыларға әр сабақ сайын тапсырмалар беріледі. Өзара топтық жұмыстарда қазақ тілін үйренушілер өздерінің шеберліктерін арттырады.

«Ортақ Отанымыз қазақ жері болғандықтан, осы елдің тілін үйрену біздің парызымыз. Бүгінгі күні жас ұрпағымыздың қазақ тілінде сөйлегенін қалаймыз. Ол үшін осындай курстарға қатысуымыз қажет. Ігі бастаманы қолдап, тегін білім беріп отырған Алматы қаласының Білім басқармасына алғысымызды білдіреміз», – дейді қала тұрғыны Ибрахим Сардиев.

Курсқа қатысушылар сөйлеу мәдениетін күшейтіп, сауаттылықты жақсартатын диктанттар жазады. Қазақ тілін тегін оқыту курстарына оқушылар мен зейнеткерлер де қызығушылық таныта бастады.

Қалалықтар қанеріне!

УАҚЫТША СУ БОЛМАЙДЫ

18–22 шілде аралығында Түркісіб ауданындағы Сейфуллин – Дулатов – Терехин – Ақан сері және Сүйінбай – Папанов – Ереванский – Стальск көшелерінің шегіне орналасқан тұрғын үйлерде және өзге де ғимараттарда ыстық су болмайды. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, шектеулер «Алматыжылуэнерго» ЖШС-нің қазандықтарында жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін енгізіледі. Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

ЖОЛ ЖАБЫЛАДЫ

Қала әкімдігі 18–29 шілде аралығында Розыбакиев–Левитан көшелерінің аумағындағы аулаларға кіру уақытша жабылатынын хабарлайды. Себебі, осы көшелер бойында желілерді төсегуге байланысты жөндеу жұмыстары жүргізіледі.



БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ

«ӘРБІР БАСТАМА, ӘРБІР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ»

Мегаполисте «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы қалай жүзеге асып жатыр?

2022-2023 жылдарға арналған «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы маусым айының басында қолға алынған. Сегіз кезеңде жүзеге асырылатын аталмыш жобаға қазір қала тұрғындарының идеялары мен бастамалары бойынша өтінімдерді жинау жұмыстары жүріп жатыр.



Алматы қаласы Қаржы басқармасы басшысының міндетін атқарушы **Алтынай ТӨЛЕУТАЕВА** «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасын іске асыруға қандай өтінімдер жіберілетіні, сараптамалық комиссия жобалармен қалай жұмыс істейтіні және жобаны іске асырудың әрбір циклі туралы айтып берді.

Үйден шықпай-ақ өтінім бере аласыз

– Алтынай Жақсыбекқызы, Алматыны абаттандыруға бағытталған аталмыш жобаға өтінім қандай сипатта беріледі және содан кейін мамандар онымен қалай жұмыс істейді?

– Қала тұрғындарының өтінімдерін жинау budget.open-almaty.kz сайты арқылы ғана жүргізіледі. Барлығы ашық әрі қолжетімді бағытта жүзеге асады. Дауыс беру кезеңінен өткеннен кейін сараптамалық кеңестер бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын жобалардың тізбесін жасайды. Осы тізбелер бойынша аудандық әкімдіктер жобалардың нақты сметаларын есептейді. Өйткені, жоғарыда айтқанымдай, авторлар өтінім берген кезде жобаның шамамен есебін шығарады.

Жеңімпаз жобалардың жалпы бюджетін қарағаннан кейін аудандық әкімдіктер келесі жылы оларға бастамаларды іске асыру әрі қаражат бөлу үшін өздерінің бюджеттік өтінімдерін Алматы қаласының Қаржы басқармасына ұсынады.

– Жоба бойынша кеңес алу үшін тұрғындар қайда хабарласуына болады?

– Тұрғындар кез келген аудан әкімдігінен, әкімдіктің «Open Almaty» қоғамдық қабылдауынан 224 39 29 (ішкі 203) немесе 1308 немесе budget.open-almaty.kz сайтынан кеңес ала алады.

Қала әкімдігінің «Алматы жобалары» Instagram парақшасындағы арнайы аккаунтында жобаға қатысты ақпараттар мен жиі қойылатын сұрақтарға жауап алуға болады. Бұдан бөлек, жобаға қатысушыларға арналған тегін онлайн-тренингтер өткізіледі. Онда мамандар жобаның өзі, өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар, «Халықтың бюджетке қатысуы» санаттары, мерзімдері мен кезеңдері туралы ақпараттар береді.

– Өтінімдер қандай критерийлер бойынша іріктеледі?

– Қала тұрғындарының барлық бастамалары белгілі бір өлшемдерге сәйкес келуі

керек. Мысалы, бір автор біртұтас жобаны іске асыруға бір ғана өтінім бере алады. Бұл ретте жоба біреудің жекеменшігінде жоқ жер учаскесінде орналасуы, сондай-ақ Алматы тұрғындары үшін қандай да бір шектеусіз – ортақ пайдалануды білдіруі тиіс. Сондай-ақ, тағы бір талап, идеяны жүзеге асыру әкімдіктің құзыретінде болуы керек.

Өтінім берген кезде автор өз жобасының атауын қысқаша көрсетуі, жобаның нақ осы аулада/ауданда не үшін қажет екендігі, оның қандай мақсатқа арналғаны, жалпы қалалық дамуға және абаттандыруға қалай әсер ететіні туралы қысқаша сипаттама беруі қажет.

Дизайн ұсынысының эскизі мен сметасы бойынша авторларда көптеген сұрақтар туындайды. Мұнда смета да, эскиз де нақты болуы мүмкін екеніне назар аудару керек. Мысалы, жоба сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылған өткен жылдардағы жобалар бойынша бағдарлауға болады. Сондай-ақ, интернеттен немесе кез келген басқа ашық көздерден эскиздер немесе шамамен есептеулер жүргізуге рұқсат етіледі.

Айта кететін бір жайт, өтінімді қарауға



КЕРЕК ДЕРЕК

- 2020 жылы 1,2 млрд теңгеге 49 жоба.
- 2021 жылы 5,4 млрд теңге болатын 256 жоба жүзеге асты.
- 2022 жылы 8,5 млрд теңгеге 237 жоба іске асырылады.



КЕРЕК КЕҢЕС

Жоба шарттары қарапайым. Сондықтан кез келген алматылық өзі тұратын ауданның көркеюіне үлес қоса алады. Әркім өз идеясын іске асыру үшін 31 тамыздан 19 қыркүйек аралығында барлық көршісін, әріптестерін, туыстары мен достарын онлайн-дауыс беруге шақыра алады. Себебі, Алматыны дамытуда әрбір бастама, әрбір дауыс маңызды.

рұқсат алуы үшін ол сегіз санаттың біріне түсуі қажет. Олардың ішінде: балалар спорт алаңдарын салу, демалуға арналған кеңістікті ұйымдастыру, көгалдандыру, тротуарлар, пандустар, арықтар, жарықтандыру және т.б. салу немесе жөндеу жұмыстарына негізделуі керек. Толық тізіммен жобаның budget.open-almaty.kz сайтында танысуға болады.

– Өтінімдерді іріктеу кезінде қандай бағдарламалар басымдыққа ие?

– «Халықтың бюджетке қатысуы» қала тұрғындарының өздері өтінімдердің басымдылығын анықтауға бағытталған. Сараптамалық комиссиялар тұрғындардың ұсыныстарын тек талаптар мен критерийлерге сәйкестігін тексереді. Ал қандай да бір жоба іске асырыла ма, жоқ па, соны қала тұрғындары ашық дауыс беру арқылы шешеді.

Алматының әрбір тұрғыны үйден шықпай-ақ, ЭЦҚ мен sms-код арқылы, сонымен қатар, кез келген аудан әкімдігіне немесе Open Almaty фронт-офисіне (Абай даңғылы, 90) барып, дауыс берудің өзіне ыңғайлы тәсілін таңдай алады. Дауыс беру нәтижелері бойынша ең көп дауыс жинаған жобаларды әкімдік келесі жылы іске асырады.

Қаланы неғұрлым жайлы әрі ыңғайлы етуге назар аударған дұрыс

– Өтінімдерді іріктеу комиссиясы қандай мамандардан тұрады?

– «Халықтың бюджетке қатысуы» іске асыру кезеңінде әрбір аудан әкімдігі жанынан құрылатын сегіз сараптама комиссиясының құрамына мәслихаттың өкілдері, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері, құрылыс және сәулет саласындағы сарапшылар, сондай-ақ әртүрлі қоғамдық ұйымдар кіреді.

Әрбір берілген өтінім бойынша комиссиялардың шешімі хаттамаларда ресімделеді және жоба сайтында ашық қолжетімділікте орналастырылады. Авторлар кез келген уақытта «жобалар бойынша материалдар» бөліміне кіріп, тізімнен өзіне ұнаған ауданды таңдап, берілген жоба бойынша ақпаратпен танысады, жіберілген немесе қабылданбаған өтінімдердің санын, өтінімдер сомасын, қабылдамау себептерін немесе пысықтауға жолдаманы және т.б. біле алады.

– Талап бойынша бір жобаның ең жоғары құны 61,2 млн теңгеден аспауы тиіс екенін білеміз. Бұл қалай есептеледі? Қарапайым адам жобаның құнын есептей алмауы мүмкін. Осы жерде сіздердің мамандарыңыз көмекке келетін шығар?

– Әрине, жобаның нақты сметасын жасау үшін тиісті дағдылар мен білім қажет. Сондықтан ережелер белгіленген сметаларды ұсынуды қарастырады. Мысалы, автор ашық көздерден алынған ұқсас жобаның сметасын пайдаланады немесе іске асыруға жіберілген өткен жылдардағы жобаларды бағдарлай алады.

– Биыл қанша жоба жүзеге асуын күтесіздер? 7,4 млрд теңгеге қанша жобаны іске асыруға болады?

– Берілген жобалардың жалпы санының төрттен бір бөлігі орта есеппен іске асыру кезеңіне көшуде. Мысалы, 2020 жылы 1,2 млрд теңге сомасына 49 жоба, 2021 жылы – 5,4 млрд теңге сомасына 256 жоба іске асырылған және 2022 жылы 8,5 млрд теңге сомасына 237 жоба іске асырылатын болады.

Көріп отырғаныңыздай, 2022 жылы іске асыруға жоспарланған жобалардың жалпы сомасы алдыңғы жылмен салыстырғанда көп, бірақ жобалардың саны аз. Себебі, жобалар санаттарының комбинациясы әр жылы қала тұрғындарының ағымдағы қажеттіліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, бір бюджетке бірнеше ірі жобалар – воркауттар, арықтар салу немесе көптеген шағын жобалар – урналар, орындықтар орнату іске асырылуы мүмкін.

Сондықтан «Халықтың бюджетке қатысуы» аясында жүзеге асырылуы мүмкін жобалардың санына емес, нақты ауланың, көшенің, ауданның қандай қажеттіліктерін жабуға, қаланы неғұрлым жайлы әрі ыңғайлы етуге назар аударған дұрыс деп санаймын.

– «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы жыл сайын жетілдірілуде ме? Жаңалықтар бар ма?

– «Халықтың бюджетке қатысуы» елдің барлық ірі қалаларында бар. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында жобаның сәтті енгізілуі және бюджетті ұлғайту қажеттілігі атап өтілді. Сондықтан біз келесі жылдан бастап бір жобаның рұқсат етілген шекті құнын 25 мың АЕК-ке дейін, ал іске асыру кезеңіне жіберу үшін қажетті дауыстардың ең аз санын-10-нан 50-ге дейін арттыруды жоспарлап отырмыз.

Дейтұрғанмен, қала тұрғындарының бастамалары ауқымды болуы мүмкін. Сондықтан оларды іске асыру үшін кемінде 50 қала тұрғынының пікірін білу қажет.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Халықтың бюджетке қатысуы» жобасына өтінімдер budget.open-almaty.kz сайтында 20 шілдеге дейін қабылданады.

COVID-19

БЕТПЕРДЕДЕН ҚАШПАЙЫҚ

Алматыда
коронавирус
жұқтырғандар
арасында
балалар да бар.
Бұл туралы
И.Жекенова
атындағы
қалалық клини-
калық инфек-
циялық ауруха-
на бас
дәрігерінің
орынбасары
Тамара Утаға-
нова айтты.



Дәрігердің айтуынша, бүгінгі күні Алматыда коронавирус жұқтырған 140-тан астам адам ем алу-да. Оның басым бөлігі балалар. Арасында 5 жасқа дейінгі балдырғандар бар. Сонымен қатар, қауіп-қатер тобына жататын қарттар мен жүкті әйелдер де кездеседі. Олардың саны балаларға қарағанда аз. «Алматыда бүгінде өткен жылдардағыдай маусымға байланысты басқа да жұқпалы аурулар бар. Мысалы, қазіргі жедел ішек инфек-

циясының мезгілі. Осыған орай, онымен ауыратындар кездеседі. Күнделікті біздің ауруханаға 15-ке дейін адам келіп, қаралады, 10 шақты адам ауруханаға жатады. Сондықтан біз қазір коронавирустан бөлек, жыл сайын кездесетін жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстарымен айналысудамыз», – деді Тамара Утағанова.

Ол сондай-ақ жедел респираторлы вирустық инфекция бойынша қазір жағдай тұрақты екенін айтты.

«Қазір тұрғындар арасында вакцина алғандар, ревакцина салдырғандар өте көп. Оның үстіне қайта иммунизация, қайта ревакцина алып жатқандар саны көп. Сондықтан егер аурудың санына емес, сапасы жағынан ауырлығына қарайтын болсақ, жағдай әлдеқайда тұрақты», – деді дәрігер.

Тақырыпқа орай айта кетер болсақ, ДДСҰ әлем халқын бетперде тағу режиміне оралуға шақырып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының хабарламасында COVID-19 қазір еркін тарап жатқаны және бүкіл әлемде өлім-жітімнің көбейе бастағаны айтылған.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Тедрос Аданом Гебреисустың айтуынша, коронавирустың «омикрон» штамының түрлері бүкіл әлемдегі эпиджағдайдың төмендеуіне, сәйкесінше тағы бір «жаңа толқынның» пайда болуына әсер етуі мүмкін. Мұндайда ауруханалар науқастарға толуы, өлім-жітімнің көбеюі де бек мүмкін. Сондықтан арқаны кенге салмай, бізге де сақтанып жүрген абзал.

Н.ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ДӘРУГЕР



ТАМАҚТАН УЛАНҒАН ЖАМАН

Азық-түліктерді «жабайы» сауда орындарынан немесе көшедегі кез келген саудагерлерден сатып алмаңыз



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Жаз шығысымен, адамдардың, әсіресе, балалардың тамақтан улану оқиғасы жиілеп кетті. Қазір қала көшелерінде «жабайы» сауда қызып тұр. Әсіресе, қарбыз-қауындар, өріктер мен қияр-қызанақтар ашық аспан астында сатылуда. Көшеде кетіп бара жатқан жастардың сатып ала сала, жумай жей салатыны тағы бар.

Ұсақ-түйек заттар былай тұрсын, сол тұрмыстық заттармен араласып, тәбетіңізді ашар түрлі тағамдар да жайнап тұрады. Алайда, олардың қалай және неден дайындалғаны белгісіз. Сондықтан көрсек-қызарлық танытпай, белгісіз сауда өнімдерін сатып алмаған дұрыс дейді мамандар.

Біз бүгін стафилококкты тағамнан улану туралы айтатын боламыз.

Стафилококктар. Стафилококкты тамақтан улану бөлме температурасында жедел дамиды әрі адам ағзасына әртүрлі жағдайда енеді. Сүт өнімдері (сүт, сүзбе, ірімшік, балмұздақ, т.б.), нан (торт, тәтті тоқаштар, т.б.), ет өнімдері (паштет, шұжық, тіл, ысталған шошқа еті) мен жылы жерде сақталған басқа да азық-түліктер стафилококктар үшін тіршілік ететін қолайлы орта болып табылады. Сондай-ақ, қолына іріңді жара, күбіртке шыққан науқастар немесе жұтқыншағы талаурап, баспа ауруымен ауыратын адамдар да тағамды залалдауы мүмкін. Сондықтан қолына түрлі инфекциялық, іріңді жара шыққан немесе баспа ауруымен ауыратын, азық-түлік өнімдерімен жұмыс істейтін немесе тағам әзірлейтін адамдарды жұмыстан босату, ет өнімдерін міндетті түрде ветеринарлық тексеруден өткізу және барлық тағам түрлерін микроб, инфекциялардан қорғау керек дейді мамандар. Сонымен қатар, ет пен сүт өнімдерін жақсылап пісіру, жұмыртқаның сапасын мұқият тексеру, еріген балмұздақты қайтадан қатырып пайдаланбау, тәтті нандар мен крем қосылған торттарды тезірек сатқан дұрыс.


Стафилококкты тағамнан уланудың белгілері: әлсіздік пайда болады, көздің көруі нашарлайды, бас ауырады, жүрек айниды, құсады, іші ауырады, дене қызуы көтеріледі, іш өтеді, кейде іш шанышып ауырады, тамыр соғысы жиілейді, жұтыну мен сөйлеу бұзылады, ауыр жағдайларда құрысу мен коллапсқа әкелуі мүмкін.

Кейде бұл белгілер 1-2 күнде кетіп қалады және арнайы емді қажет етпейді. Егер ауру белгілері екі күннен кейін кетпесе және ағзаның құрғағаны (ауыздың кебуі, бас айналу, қошқыл сары несеп немесе несептің азаюы) байқалса, дереу дәрігерге қаралған жөн.

Тамақтан уланып қалмас үшін қандай сақтық шараларын ұстанған абзал? Бұл жөнінде маманнан сұрап білдік. Сол ереже-талаптарды орындап жүрсек, ауырмасымыз анық.

Тақырыпқа орай айта кетсек, №21 емханаға биылғы 6 ай ішінде 93 адам тамақтан уланып қалған себепті ем-дом алуға келген. Оның ішінде 82 науқас 16 жасқа дейінгі балалар.

МАМАН КЕҢЕСІ



Гаухар МАКУЕТОВА,
қалалық №21 емхананың
эпидемиолог-дәрігері:

Тазалық маңызды

– Ас әзірлер алдында және шикі ет немесе тауықты ұстаған соң, тамақ ішер алдында қолыңызды жақсылап сабындап жуыңыз. Көкөністер мен жеміс-жидектерді мұқият жуып жеңіз. Шикі етті турап болған соң, тақтай мен басқа да аспаптарды жуыңыз. Тамақ жасар алдында мұздалған тауықты жақсылап ерітіңіз. Егер мүмкіндік болса, оны тоңазытқышта ерітіңіз, суық бактериялардың көбеюінің алдын алады. Ет және балық өнімдерін жақсылап қуырыңыз. Ет, тауық және балықты қуырмас бұрын бір ыдысқа салмаңыз. Тағамдарды тарақан, маса және тышқандардан қорғау үшін бетін әрдайым жауып жүріңіз. Буфет, асханаларда тамақтанғанда абай болыңыз. Тамақ қалдығын тоңазытқышта сақтаңыз, ал пикникке апаратын тағамдарды арнайы ыдыстарға салыңыз. Шикі және дайын тағамдарды бөлек сақтаңыз. Азық-түліктерді ретсіз сауда орнынан немесе кез келген көшедегі саудагерлерден сатып алмаңыз. Тазалық, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақталмаған жерден тамақ ішпеңіз. Кез келген тағамның (банкі, қалбырларға жабылған, т.б.) сыртын оқып көріңіз, шығарылу және сақтау мерзіміне аса мән беріңіз. Кез келген азық-түлікті қолданар алдында оның иісіне және түріне назар аударыңыз, күдік туғызған азық-түліктерді қолданбаңыз. Азық-түліктерді тек тоңазытқышта белгілі температурада сақтаңыз, піскен тамақты ұзақ сақтамаңыз. Тамақтан уланып қалсаңыз, дереу дәрігер шақыртыңыз немесе емханаға барыңыз.

КЕРЕК КЕҢЕС

Бойыңызды үрей билесе...

Кейінгі кезде адамдардың бойын үрей билеу, қобалжу, алаң секілді сезімдер жиі мазалайтын көрінеді. Мұндай жағдайда қандай әрекеттер істеу керек? Бұл сұраққа психотерапевт-маман Фаузия Кәрімқызы жауап берді.



Айнұр
СЕНБАЕВА

* Көңіліңізге алаң ұялап, қорқыныш билесе, жүріп келе жатқан жеріңізде тоқтаңыз. Егер көлік жүргізіп келе жатсаңыз, тұраққа тоқтап, қозғалтқышты өшіріңіз.

* Үрейді жеңем, бұл сезімнен тез арылуым керек деп ойламаңыз.

* Терсең тыныс алыңыз. Мұрынмен тыныстап, ауаны ауыздан шығарып, 5-ке дейін санаңыз. Осылай тыныс алуды 4-5 рет қайталаңыз.

* Жылы жыл мезгілінде аяқкиім мен шұлығыңызды шешіп, табаныңызды шөпке, топыраққа немесе кілемшеге тигізіңіз.

* Музыка қоспаңыз, телефонмен ешкімге хабарласпаңыз, айналаңыздағы дыбыстарға ден қойыңыз, құстардың сайрағаны, баланың жылағаны, көліктердің дыбысы, барлығына мән беріңіз.



* Тәтті конфет жеп алыңыз немесе сағыз шайнаңыз.

* Иығыңызға жылы күртеше, көрпе секілді бірдеңе жамылыңыз. Өзіңіздің денеңізді жақсырақ сезіну үшін жамылғыға қаттырақ ораныңыз.

* Егер сөмкеңізде немесе қалтаңызда тиындар немесе тастар болса, саусақтарыңызбен оларды қозғаныз.

* Өз есіміңізді дауыстап үш рет айтыңыз, соңында «Мен осындамын» дегенді де қосып қойыңыз.

* Өтір, кофе секілді өткір иісті, бірақ иісі жағымды дүниені иіскеңіз.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Шілдеде иісі жұпар, дәмі балдай сап-сары қауындар пісіп жатыр. Мамандардың айтуынша, қауын тек тәтті жеміс ғана емес, оның денсаулыққа пайдасы зор.



Қауынның қабығы да ем

Қауынның денедегі майды табиғи жолмен ыдыратып, холестеринді, мал майларынан қалған қалдықты сыртқа шығаратын қасиеті бар. Сондай-ақ, қауын асқазан, бауыр, бүйрек жұмысын жақсартады. Арықтау үшін диета ұстаған кезде де тәтті сусындардың орнына қауынды пайдалануға болады. Қауынның тағы бір қасиеті – көгеріп немесе күйіп қалған жерге қауын жапырағын жапсырса, жараның тез жазылуына көмектеседі. Мұрыннан су ақса немесе қанаса, қауынның қабығын қалыңдау етіп кесіп, суын мұрынға тамызуға болады.

Емші Сейіткамза Қалиевтың айтуынша, жазда салқын су ішкеннен немесе балмұздақ көп жегеннен кейбір адамның жұтқыншақ безі ісіп кетеді. Мұндайда ауырған жердің сыртына қауын қабығынан компресс жасауға болады. Бұл компрестің қолқа демікпесі (бронхит) кезінде де көмегі көп. Ал асқазаны, ішектері ауыратын, қант диабетіне шалдыққан адамдарға қауын жеуге болмайды.

Әзірлеген
Айнұр НҰРСАБЕТ.

СӘТТІ ОТА

Пациент аман қалды

Алматылық дәрігерлер 45 жастағы әйелден кеңейтілген insultтан кейінгі қан тамырларындағы ісікті алып тастады.

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға алматылық 45 жастағы әйел ессіз күйде келіп түскен. Жүргізілген компьютерлік томографияның нәтижесінде әйелде үлкен көлемді ми іші гематомасымен insult анықталған.

Осы аурухананың нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі Марат Алматов бастаған нейрохирургтар командасымен науқасқа шұғыл түрде операцияға кірісіп, нәтижесінде бас қаңқасы трепациясы жасалып, ота барысында ұйған қанды ісікті толығымен алып тастады. Жалпы, ота бір жарым сағатқа созылған.

«Егер гематоманы алмаған жағдайда, онда сырқаттың жағдайы ауырлап, миына қан кетіп, өліп те кетер еді», – дейді қалалық клиникалық аурухананың нейрохирургі М.Алматов.

Маманның айтуынша, ота жасалғаннан кейін бір күннен соң сырқат өз бетімен қозғалып жүре бастаған. «Пациенттердің мұндай күрделі операциядан соң қиындала жүруі өте сирек кездесетін жағдай. Әдетте, 90% науқаста осындай отадан соң ісік салдарынан жеуіке қызметі бұзылады. Сондай-ақ, аяқ-қолда әлсіздік пайда болып, сезу қабілеті жойылады. Біз операцияның сәтті өткеніне қуаныштымыз», – дейді дәрігер.

Нұр ЖАМАЛ.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №3/314-354 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) «Поток 8» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұқар жырау ғұлзары, 25 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,5006 га (кадастрлық нөмірі 20-313-003-367) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №3/314-355 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республи-касының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) Ян Су Кімінің Алматы қаласының Алмалы ауданындағы, Абай даңғылының солтүстігі, Наурызбай батыр көшесінің батысы бойынша орналасқан, ауданы – 0,2610 га (кадастрлық нөмірі 20-311-017-001) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иелік-тен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №3/314-356 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республи-касының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) «Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім беру қоры» қоғамдық қорының Алматы қаласының Алмалы ауданындағы, Панфилов көшесі, 123 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,1357 га (кадастрлық нөмірі 20-311-007-063) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №3/314-357 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республи-касының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) Гүзель Шаукедовна Арыскулованың, Жеткерген Анесович Арыскуловтың Алматы қаласының Алмалы ауданындағы, Наурызбай батыр көшесі, 29/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,01867 га (кадастрлық нөмірі 20-311-046-082) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №3/314-358 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республи-касының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) «Dostyq Comfort» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 290/2 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,3001 га (кадастрлық нөмірі 20-313-011-510) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №3/314-359 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекетік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес және «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 24 маусымдағы №45639С/І хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға — 600,50 теңге // 3 айға — 1801,50 теңге // 5 айға — 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға — 1620,50 теңге // 3 айға — 4861,50 теңге // 5 айға — 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға — 440,50 теңге // 3 айға — 1321,50 теңге // 5 айға — 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» — жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.	«ALMATY AQSHAMY» — алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәс-түрлі мектебі!
--	---

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы қаласы әкімдігі қаулыларының күші жойылсын.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы-ның Алматы қаласы бойынша филиалына осы қаулыны мәлімет үшін жіберсін;
 - осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
 - Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №3/314-359 қаулысына қосымша

Алматы қаласы әкімдігінің бұзылатын қаулыларының тізбесі

- Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 сәуірдегі №2/115-137 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы».
- Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 31 мамырдағы №2/115-248 «Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы».

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №3/314-360 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республи-касының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) «Bereke Development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласының Бостандық ауданындағы, Шепкін көшесі, 35/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,5716 га (кадастрлық нөмірі 20-313-036-297) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 шілдедегі №3/314-361 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республи-касының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) Сергей Викторович Рыбалконың Алматы қаласының Алмалы ауданындағы, Гоголь көшесі, 167 учаске мекен-жайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,3383 га (кадастрлық нөмірі 20-311-044-077) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иелік-тен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті аудан тұрғындары!

2022 жылғы 20 шілде, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Тілендиев көшесі, 35 мекенжайында орналасқан «№96 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де Алмалы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, проку-ратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындарды толғандырған өзекті мәселелер бойынша ұсыныстарды жинау әлеуметтік желілер: WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппара-тының WEB сайты арқылы және 313-3108, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдері және мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруа-шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұ



Балалар жылы 2022

Бүлдіршіндерге арналған жеңілдік



Досбол АТАЖАН

Балалар туризмін дамыту бағдарламасының арқасында жүздеген бала ұшақпен тегін ұшты.



Балалалар жылында ішкі туризмді дамытуға арналған жоба жүзеге асырылған алты айдың ішінде 300-ден аса кішкентай жолаушыға Қазақстан бойынша туристік жолдамалар құрамында тегін әуе билеттері табыс етілген.

«Бағдарламаны жүзеге асыру механизмі өте қарапайым. Туристер туроператорға келіп бронь жасайды. Сол кезде балалардың әуе билеттерінің құны алынып тасталады. Себебі, оны мемлекет субсидиялайды. Яғни 2-ден 17 жасқа дейінгі балалардың ұшақпен ұшуы – тегін. Одан әрі туроператорлар саяхат пакеттерін таңдап, қалыптастырады және балалар билеттерінің шығынын өз есебінен өтейді. Ал турпакет толығымен жүзеге асырылғаннан кейін олар «Қазақтуризмге» өтінім жолдайды. Біз оны 10 күн ішінде қарап шығып, тиісті қаражатты туроператорларға аударамыз», – деді «Kazakh Tourism» компаниясының өкілі Ернұр Кенжебеков.

Бағдарламаға кез келген қазақстандық отбасы қатыса алады. Басты талап – жолдаманы жобаға тіркелген туроператорлардан сатып алу керек. Қазір тізімде 20 компания бар. Сонымен бірге, бала ата-анасымен немесе ата-әжесі, ағасы, әпкесі сынды жақын туыстарымен бірге болса ғана тегін әуе билеті бөлінеді.

Кидс Гоу Фри бағдарламасы бойынша биылғы жылға 350 миллион теңгеге жуық қаржы бөлінген. Жоба аясындағы турлардың орташа бағасы – 350 мың теңге. Сала өкілдерінің айтуынша, бағдарламаның арқасында қазақстандық отбасылар туристік жолдама құнының 30 процентіне жуығын үнемдей алады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматыда кешкі марафон өтеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыған орай арена аумағының периметрі бойынша көліктің барлық түрлеріне қозғалыс шектеледі. Рысқұлов даңғылы мен Момышұлы көшесінің бойымен өту жолы ашық болатындығын атап өткен жөн.

«Summer Run – дәстүрлі түрде жаз кезінде өткізілетін кешкі марафон. Жарыс ерекшелігі – бар ниет білдірушілер өздері ғана емес, балаларын алып та жүсіруге қатыса алады. Қазақстанда 2022 жыл «Балалар жылы» деп жарияланды, осыған байланысты біз қала тұрғындарының назарын балалар спортын дамытуға аударғымыз келеді», – деп хабарлады шара ұйымдастырушылары.

12 км, 3 км, 1 км, 500 м қашықтықтарындағы жеңімпаздар жас санаты бойынша медальдармен, грамота және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Мәреге жеткен барлық қатысушыларға естелік медаль беріледі. Жазғы жарысқа қатысушылар мен жанкүйерлер үшін спорттық мереке атмосфера-сы жасалады, сондай-ақ балаларға арналған аниматорлар, әртүрлі қызықтық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Айта кеткен жөн, биыл 25 қыркүйек күні дәстүрлі «Алматы марафоны» да өтеді.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ШІЛДЕДЕ КҮН НЕГЕ КҮРТ САЛҚЫНДАДЫ?



Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

10 шілдеде таңертең күн күрт салқындады. Содан бір күн бұрын көйлекшең жүргендер үстеріне жемпір, тағы да басқа жылы киімдер киюге мәжбүр болды. Ал кешке қарай күн күркіреп, әлсін-әлсін жаңбыр сіркіреп тұрды да, ақшам мезгілі өте нөпір нөсер басталды. Азғантай уақытта жауған жаңбырдың өзі Алматының мыңдаған арықтарына сыймай, көше-көшені қуалап кетті...

Бұл – «Үркердің толғағы» амалының хабаршысы болатын. «Үркердің толғағы» шілде айының ортасында басталады. Ол мал мен жанға жайлы амал. Үркер туып, жер құрғасымен шөптердің буыны катып, сарғая түседі. Аймақты сары түске бөлейтін сарыала шақтың, алтын күздің басы бұл.

Қазақ есепшілері күннің түнге қатысты ұзару, қысқару құбылыстарын Үркер топ жұлдызына қарап есептеген. Күн желтоқсанда – торғай адым, қаңтарда – қарға адым, ақпанда – ат адым ұзарса, шілдеде – шіл адым қысқаратынын анықтаған. Қазақ күнтізбесінде уақыт есебінің Үркер шоқжұлдызы бойынша жүргізілетін жүйесін тоғыс есебі деп атайды.

Үркер шоқжұлдызы (алты үркер) да маңызды жұлдыз. Үркер мен айдың жүру бағыты ұқсас, екеуі де шығыстан батысқа қарай жылжиды. Үркер әр айда бір рет айдан озып шығып отырады. Әрі бір рет бір аумаққа келіп, Аймен қатарласады. Тек мизамда ғана Үркер көтеріледі.

Үркердің көтерілгенін көрген малшылар «Ойбай-ау, Үркер көтеріліп қалыпты, қошқарлар бас көтеретін уақыт болыпты» десіп, қошқарларға күйек байлап, қой ішіндегі тоқты қошқарларды айыра бастайды. Осылайша жаз маусымы да өте шығады. Үркер төбеге келгенде – қыс ортасы, тағы төмендегенде – көктем шыққанын білдіреді. Бабаларымыз Үркердің өзгерісіне қарай қыс, көктем, жаз, күз маусымдарының ауысуын бақылап, солардың ыңғайына қарай мал шаруашылық жұмыстарды ұйымдастырып отыратын болған.

Сонымен, «Үркер толғағы» бітіп, Үркер жұлдызы туды. Енді күн бірте-бірте салқындауға бейім тұрады. Ауа райының тұрақсыз болуы, күннің күрт салқындауы, жаңбырдың жиілеуі, бәрі-бәрі орын алуы әбден мүмкін. Үркер туған соң жер құрғайды, күн ысыды, шөптердің сабағы қатайып, өзі сарғаяды. Бұл малға да, жанға да жайлы кезең.

Табиғат тамыршысы атанған халқымызда Үркерге қатысты айтылған қанатты сөздері

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН!

Қарбызды қуырып жейді



Айналамызға зер салсаңыз, таяқ тастам жердің бәрі қарбыз. Сатылып жатыр. Себебі, жейтін уақыты жетті. Өзі бір ең зиянсыз, жеңіл тамақ қой. Әсіресе, одан бала қайтпайды, үздіксіз жей беруге бар.

Қарбыздың 80%-ы судан тұрады. Ал су адамға қашан да артық-тық етпейді.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

- ШІЛДЕ КҮНДЕРІНДЕ:
- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
 - * Құйын көп болса, қыс аязды болады.
 - * Найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
 - * Аптап ыстық болса, қыста қатты аяз болатындығының белгісі.
 - * Көкек шақыруын тыймаса, жаз ұзаққа созылады.
 - * Ағаш жапырақтары сарғая бастаса, күз бен қыс ерте түседі.

көп-ақ: «...үркер туса, таң ұзарады, үркер құрғақ жерге түссе, аңызға жел көп болып, қуаңшылық болады, үркер тасқа түссе, шілдіңгір қатты ыстық болады, үркер көтерілсе, бидай бас тартады, үркер жерге түспей, жер қызбайды, үркер жерге түсерде қой қырқылады, үркер туса, сорпа қоюланады, қой семіреді, үркер көтерілсе, қошқар басын көтереді, үркер батқанда таутеке тастан ұшады», т.б. осындай пайымдар мен тұжырымдар толып жатыр. Қазір сорпа қоюланатын, әңгелек пісетін кез. Енді бір аптадан соң шілде қауын піседі. Осы амалдың кезінде малшылар кепешпен өлшеп аздаған тарыла-

рын егетін болған. Киіз үйдің маңайына арық қазып, тасқын апатынан (селден) сақтанған...

Осы аптада ай толады. Адамдардың оның нұрынан сақтанғаны абзал. Түнде перделерді дұрыстап тұтып, терезелерді қымтау қажет. Ұйқыдағы адамның (әсіресе, сабидің) бетіне ай сәулесінің түспегені абзал.

Бүгін шілденің 16-сы. Ай жүйесі бойынша, айдың 17-і. Қазақша, бүгін айдың алғашқы күні. Апта айдың басы мен ортасын камтып тұр. Бұл осы аптада ауа райының аз да болса құбылмалы болатынын білдірсе керек. Күн ысыды.